

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**Бастауыш білім берудің 1-4-сыныптары пәндері бойынша
үлгілік оқу бағдарламаларын енгізуді апробациядан өткізу және
мониторинг жүргізу талдамалық есеп**

Астана, 2023

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2023 жылғы 3 қарашадағы №5 хаттама)

«Бастауыш білім берудің 1-4 сыныптары пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын енгізуді апробациядан өткізу және мониторинг жүргізу талдамалық есеп» – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 120 б.

Ұсынылған талдамалық есепте бастауыш білім берудің нормативтік құжаттарын апробациялау әдіснамасы, басқарушылық, ұйымдастырушылық аспектілері, өткізу кезеңдері мен тәртібі, апробацияға қатысушылардың функциялары және апробация нәтижелеріне талдау берілген. Жаңа үлгілік оқу бағдарламаларын (ҮОБ) енгізудің алдында оларды дайындауға және сынақтан өткізуге бағытталған бірқатар іс-шаралар ұсынылған.

Талдамалық есеп орта білім беру ұйымдарының басшыларына, білім басқармалары мен бөлімдерінің, оқу-әдістемелік орталықтардың/ кабинеттердің әдіскерлеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

Кіріспе

«Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау және мониторингілеу бастауыш білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастырылған және жүргізілген.

Бастауыш білім берудің нормативтік құжаттарын апробациялау әдіснамасында апробацияның мақсаты мен міндеттері; басқарушылық, ұйымдастырушылық аспектілері; өткізу кезеңдері мен тәртібі; апробацияға қатысушылардың функциялары; апробация нәтижелеріне талдау берілген.

Жаңа үлгілік оқу бағдарламаларын (ҮОБ) енгізудің алдында оларды дайындауға және сынақтан өткізуге бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізілген. Бұл іс-шараларды үш кезеңге бөлуге болады:

Бірінші кезең – дайындық. Бұл кезеңде апробацияға қатысатын пилоттық мектептер мен мұғалімдер іріктеледі. Сондай-ақ жетілдірілген үлгілік оқу бағдарламаларын және педагогтерге арналған оқыту семинарлары/курстары бағдарламаларын іске асыру үшін апробация жөніндегі жұмыс тобының, ОӘК құрамы туралы бұйрықтар әзірленген.

Екінші кезең – апробация және мониторинг. Осы кезеңде жаңадан енгізілген үлгілік оқу бағдарламалары өңірлік мектептердің 1-2-сыныптарында енгізілген және олардың іске асырылуына мониторинг жүргізілген.

Үшінші кезең – қорытындылау. Осы кезеңде мониторинг деректері негізінде үлгілік оқу бағдарламалары мен ОӘК-ні пысықтау бойынша ұсынымдар әзірленген.

Үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау әдіснамасы жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес ОӘК пайдалана отырып, бастауыш мектептер базасында жүргізілген. Апробация қорытындыларын шығару, жиналған материалдарды өңдеу және тәуелсіз бақылаушылардың сараптамалық қорытындылары талдамалық есепте толығымен ұсынылған.

Апробация және мониторинг нәтижелері негізінде ұсынылған талдамалық есепте үлгілік оқу бағдарламаларының қаншалықты тиімді екендігі туралы қорытынды жасауға болады. Бұл оларды білім беру процесіне енгізудің орындылығы туралы негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

1. Апробация мен мониторинг жүргізудің мақсаты, рәсімдері мен құралдары

Оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын сынақтан өткізу және мониторингілеу оларды әзірлеу мен енгізудің маңызды кезеңдері болып табылады. Олар оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының тиімділігін бағалауға және олардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және қазіргі қоғам мен еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

Үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау және мониторингтеуді іске асыру шеңберінде апробация және мониторинг сияқты негізгі ұғымдар пайдаланылады.

Апробация – сынақ, тексеру негізінде шығарылған ресми мақұлдау, бекіту, бір нәрсенің қасиеттерін, сапасын объективті бағалау мақсатында тексеру, сынау.

Үлгілік оқу бағдарламаларын (бұдан әрі - УОБ) апробациялау олардың орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігін бағалау және оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар алу үшін жүргізіледі. Апробация нәтижелері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының тиімділігі және оларды одан әрі қолданудың орындылығы айқындалады.

Мониторинг – білім беру процестерін, білім алушылар контингентін, желіні жүзеге асыру нәтижелері мен шарттарының өзгеру жағдайы мен динамикасын, сондай-ақ білім беру ұйымдары қызметінің жетістіктерінің рейтингтік көрсеткіштерін жүйелі бақылау, талдау, бағалау және болжау (ҚР-ның «Білім туралы» Заңы).

Үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау *мониторингі* – жүйелі бақылау, талдау, апробацияны бағалау және оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын одан әрі іске асыруды болжау (ҚР-ның «Білім туралы» Заңы).

Апробация және мониторинг мақсаты: оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының тиімділігін анықтау.

Апробация және мониторинг міндеттері:

- Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында үлгілік оқу бағдарламаларын практикалық іске асыру;

- үлгілік оқу бағдарламаларының білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін анықтау.

- оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнының білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін анықтау;

- бөлімдер мен тақырыптардың арақатынасының оңтайлылығын, тақырыптарды зерттеуге бөлінген сағат көлемін анықтау;

- күтілетін оқу нәтижелерінің/мақсаттарының қол жетімділігін және олардың оқу мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігін анықтау;

- оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын жетілдіру арналған ұсынымдар әзірлеу.

Оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау және мониторингілеу бастауыш, негізгі және орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында жүргізіледі.

Оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау және мониторингілеу заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастырылады және жүргізіледі:

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы ҚР Конституциясы.
2. 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР «Білім туралы» Заңы.
3. 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 ҚР «Бала құқықтары туралы» Заңы;
4. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын, үлгілік оқу бағдарламаларын сараптау және апробациялау жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 18 мамырдағы №221 бұйрығы (редакцияда ҚР Оқу-ағарту Министрінің 03.07.2023 № 194 бұйрығымен).

7. Білім беру ұйымдарында эксперименттік режимде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, апробациялау және енгізу Қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 139 бұйрығы.

Апробация әдіснамасы жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес оқу пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау және мониторингілеу мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

1. Үлгілік оқу бағдарламаларының қазіргі білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі.

2. Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында бекітілген білім берудің мақсаттарына, міндеттеріне, құндылықтарына сәйкестігі.

3. Үлгілік оқу бағдарламаларында оқытудың негізгі ұғымдарын, мақсаттары мен міндеттерін, білім деңгейлері бойынша оқыту ерекшеліктерін ашатын түсіндірме бөлігінің болуы.

4. Оқу мазмұнын, оның ішінде көлемін, құрылымын және оқу уақытын ұйымдастыру бойынша ұсынымдардың болуы.

5. Оқу мақсаттарының жүйелерін, формаларын, оқыту әдістерін, бағалауды және күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді, күнтізбелік-тақырыптық

жоспарлаудың ерекшеліктерін қоса алғанда, оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдардың болуы.

6. Пайдаланылған әдебиеттер, цифрлық ресурстар бойынша әдістемелік ұсынымдардың болуы.

7. Негізгі мазмұнында жас топтары мен сыныптары бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің базалық мазмұнының болуы.

8. Тақырыптарды зерттеуге, теориялық, практикалық және зертханалық сабақтарды өткізуге бөлінген сағаттардың көлемі мен арақатынасының оңтайлылығы.

9. Сараланған, бейіндік оқыту және кәсіптік бағдарлау қағидаттарын сақтау, оқыту мақсаттары мен күтілетін нәтижелерге қол жеткізу принциптерін ұстану.

10. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу, үлгілік оқу бағдарламаларының білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау жөніндегі талаптарға сәйкестігі.

11. Оқу пәнінің мазмұнының білім алушыларды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, мемлекеттік тіл мен мемлекеттік рәміздерді, Қазақстан халқының мәдени, рухани-адамгершілік және отбасылық құндылықтарын құрметтеу міндеттеріне сәйкестігі.

12. Бөлімдердің, абзацтардың және тақырыптардың, пәнаралық байланыстардың қарапайымнан күрделі, логикалық байланысы мен бағыныштылығы принципін сақтау.

13. Білім беру мазмұнын әзірлеу кезінде шиыршық қағидатын ескере отырып, білім беру деңгейлерінің сабақтастығы мен үздіксіздігі қағидаттарын сақтау.

14. Типтік оқу бағдарламаларының мазмұнының, оқыту мақсаттары мен күтілетін нәтижелердің функционалдық сауаттылық пен білімді практикада қолдану дағдыларын дамыту міндеттеріне сәйкестігі.

Үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау (ҮОБ) екі бағытта жүргізіледі [1]:

- Стейкхолдерлер арасында үлгілік оқу бағдарламаларын талқылау. Бұл кезеңде тәрбиешілер, ата-аналар, білім алушылар және білім беру органдарының өкілдері сияқты әртүрлі мүдделі тараптардың өкілдері үлгілік оқу бағдарламаларын, оның күшті және әлсіз жақтарын анықтау үшін талқылайды.

- Пилоттық мектептерде үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау. Осы кезеңде үлгілік оқу бағдарламалары пилоттық мектептерде олардың іс жүзінде тиімділігін тексеру үшін енгізіледі.

Жаңа үлгілік оқу бағдарламаларын (ҮОБ) енгізудің алдында оларды дайындауға және сынақтан өткізуге бағытталған бірқатар іс-шаралар өтеді. Бұл іс-шараларды үш кезеңге бөлуге болады:

Бірінші кезең – дайындық. Бұл кезеңде апробацияға қатысатын пилоттық мектептер мен мұғалімдер іріктеледі. Сондай-ақ жетілдірілген үлгілік оқу бағдарламаларын және педагогтерге арналған оқыту семинарлары / курстары

бағдарламаларын іске асыру үшін апробация жөніндегі жұмыс тобының, ОӘК құрамы туралы бұйрықтар әзірленуде.

Екінші кезең – апробация және мониторинг. Осы кезеңде жетілдірілген үлгілік оқу бағдарламалары пилоттық мектептерде енгізіледі және олардың іске асырылуына мониторинг жүргізіледі.

Үшінші кезең – қорытындылау. Осы кезеңде мониторинг деректері негізінде үлгілік оқу бағдарламалары мен ОӘК-ні пысықтау бойынша ұсынымдар әзірленеді.

Үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау әдіснамасы жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес ОӘК пайдалана отырып, пилоттық мектептер базасында жүргізілетін оқу процесі болып табылады [1].

Бағдарламаны игеру деңгейінің нәтижелерін соңғы тексерумен, соңғы оқу сабағын өткізгеннен кейін апробацияны аяқталған деп санауға болады.

Үлгілік оқу бағдарламалары мен ОӘК әзірлеушілерінің сараптамалық байқаулар процесінде жүргізілуі көзделген барлық іс-шараларға сарапшылардың жинайтын барлық материалдарымен танысу үшін қатысқаны жөн.

Апробация қорытындыларын шығару жиналған материалдарды өңдеуді және тәуелсіз бақылаушылардың сараптамалық қорытындылар жасауын қамтиды.

Осылайша, апробация өткізу жоспарын үш кезеңге бөлуге болады:

| № р/с | Кезең атауы | Жұмыстың мазмұны |
|-------|----------------------|---|
| 1. | Дайындық | <ul style="list-style-type: none">- орта білім беру ұйымдарын пилоттық мектептер ретінде іріктеу;- дайындық кезеңінде іріктелген орта білім беру ұйымдарын ақпараттық қолдау;- апробация жүргізу кестесін жасау;- білім алушылар тобын қалыптастыру;- апробацияның барлық кезеңдерінде үлгілік оқу бағдарламаларын мониторингілеу және бағалау үшін материалдар дайындау;- тәуелсіз сарапшыларды шақыру;- барлық қатысушыларды апробация жүргізу әдістемесімен таныстыру; |
| 2. | Эксперименттік бөлім | <ul style="list-style-type: none">- әзірленген ОӘК сәйкес теориялық және практикалық сабақтар өткізу;- бағдарламалардың бөлімдерін игеру нәтижелерін анықтауға бағытталған білімге кіріс, аралық және қорытынды бақылау жүргізу;- бағдарламаны игеру барысында және аяқталғаннан кейін педагогтар мен білім алушыларға сауалнама жүргізу;- қалалық / аудандық білім бөлімдері, облыстық білім басқармалары тарапынан апробация жүргізуді әдістемелік қолдау. |
| 3. | Қорытындылау | <ul style="list-style-type: none">- білімді бақылау, сауалнама нәтижелерін өңдеу;- апробация қорытындысы бойынша есеп үшін талдамалық материалдарды дайындау;- байқаудан өткізу нәтижелері бойынша тәуелсіз сарапшылардың қорытындыларын дайындау; |

- бағдарламаларға қоғамдық-кәсіби сараптама жүргізу.
- үлгілік оқу бағдарламалары мен ОӘК-ні пысықтауға жолдау

1-кесте. Аprobация өткізу жоспары

Аprobация мен мониторингті Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы (бұдан әрі – ҰБА) жүргізеді.



1-сурет – Аprobация мен мониторингтің ұйымдастырушылық құрылымы

Аprobация әдіснамасы бойынша Нұсқаулыққа сәйкес аprobация және мониторинг процедурасы келесі әрекеттерді қамтиды:

1. Үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын талқылау туралы өңірлерді хабардар ету (өңірлердің білім басқармаларына ақпараттық хаттар).

2. Талқылау кестесіне сәйкес әр өңірдің мектеп педагогтарымен үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын талқылау.

3. Облыстық білім басқармалары басшылары секцияларының отырыстарында, аудандық білім бөлімдерінің, ЖОО ректорларының, ҚР Оқу-ағарту Министрлігі алқаларының отырыстарында үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын талқылау.

4. Үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын талқылау және ұсыныстар енгізу үшін ҚР Оқу-ағарту Министрлігі комитеттері мен департаменттеріне жіберу.

5. ҰБА сайтына қоғамдық талқылау үшін үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын орналастыру.

6. Үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын талқылау және ұсыныстар мен ұсынымдар беру үшін ҚР Оқу-ағарту министрлігіне ведомстволық бағынысты орталықтардың, ҚР Оқу-ағарту Министрлігі білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің педагогикалық жоғары оқу орындарының, педколледждердің, республикалық білім беру ұйымдарының басшыларына жолдау.

7. Мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерімен үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын талқылау.

8. Жергілікті мемлекеттік органдардың, аудандық бөлімдердің және облыстық білім басқармаларының әдістемелік қызметтерінің, әкімдіктердің, бизнес-құрылымдардың, ұлттық компаниялардың, үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктердің, ҚР Оқу-ағарту Министрлігі және ведомстволық бағынысты ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен, ата-аналар комитеттерінің өкілдерімен үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын талқылау туралы облыстық білім басқармаларына хаттар жолдау.

9. Еліміздің барлық өңірлерінде үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын БАҚ-та жариялай отырып талқылау.

10. Пилоттық мектептердің директорларымен, меңгерушілерімен, білім басқармаларының өкілдерімен апробация мәселелері бойынша семинар-кеңес.

11. Үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын мүдделі мемлекеттік органдармен, жұртшылықпен одан әрі пысықтау және келісу.

12. Үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын апробациялау мәселелері бойынша пилоттық мектептердің директорларымен онлайн кеңес.

13. Үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын апробациялау бойынша пилоттық мектептердің тізімін бекіту.

14. Үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын бекіту (1-2 сыныптар).

15. Пилоттық мектептерде үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялаудың басталуы.

16. Үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау процесінің мониторингі шеңберінде пилоттық мектептердің 1-11 сынып білім алушыларын диагностикалық тестілеу.

17. Апробация қорытындысын шығару үшін үлгілік оқу бағдарламаларының авторлары мен әзірлеушілерінің қатысуымен пилоттық мектеп педагогтарымен семинар.

18. ҰБА-да пысықталған үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларына жолдама [1].

Осылайша, үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау және мониторингілеу оларды білім беру процесіне енгізудің маңызды кезеңдері болып табылады.

Апробация үлгілік оқу бағдарламаларының кемшіліктері мен кем тетіктерін анықтауға, ал мониторинг - олардың тиімділігін бақылауға және қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау мүмкіндік береді:

- Бағдарламалардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру МЖМБС талаптарына және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкестігін бағалауға;

- Нақты жағдайларда бағдарламалардың тиімділігін тексеруге;
- Мұғалімдер мен білім алушылардан кері байланыс алуға.

Апробация нәтижелері негізінде тиімдірек және білім алушылардың қажеттіліктеріне жауап беруі үшін бағдарламаларға қажетті түзетулер енгізуге болады.

Үлгілік оқу бағдарламаларының мониторингі мүмкіндік береді:

- Білім алушылардың үлгілік оқу бағдарламаларын меңгерудегі жетістіктерін қадағалауға;
- Үлгілік оқу бағдарламаларын іске асырудағы проблемаларды анықтауға;
- Үлгілік оқу бағдарламаларының тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдауға.

Мониторинг үлгілік оқу бағдарламаларын енгізу мен сынақтан өткізудің барлық кезеңінде жүргізіледі. Оның негізінде қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін оқу процесіне қажетті түзетулер енгізуге болады.

Үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау және мониторингілеу тиімділігін арттыру үшін қажет:

- апробация мен мониторингтің мақсаттары мен міндеттерін нақты анықтау;
- апробация және мониторинг жоспарын әзірлеу;
- білікті мамандарды апробация мен мониторингке қатысуды қамтамасыз ету;
- апробация және мониторинг нәтижелерін жинау және талдау.

Апробация және мониторинг нәтижелері негізінде үлгілік оқу бағдарламаларының қаншалықты тиімді екендігі туралы қорытынды жасауға болады. Бұл оларды білім беру процесіне енгізудің орындылығы туралы негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Нысаны: Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдары.

Апробация өткізу аумағы: Қазақстан Республикасының өңірлері.

Апробацияның зерттеу пәндері: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» үлгілік оқу бағдарламаларына теориялық және тәжірибелік зерттеу жасалынды.

Апробацияны өткізу әдістері: зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда теориялық (модельдеу, аналитикалық-синтетикалық, салыстырмалы), эмпирикалық (сұрау, бақылау, педагогикалық эксперимент, педагогикалық іс-тәжірибелер); әлеуметтанулық (сауалнама); зерделеу, жинақтау әдістері қолданылды.

Апробацияны өткізудің ғылыми болжамы - егер, бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары теориялық тұрғыда негізделіп, оны оқу процессінде пайдалану тиімділігі анықталса, онда үлгілік оқу бағдарламаларының сапасы артады.

Апробацияны өткізудің жетекші идеясы: Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларының апробациялық зерттеуін теориялық және

тәжірибелік тұрғыдан өткізу үлгілік оқу бағдарламаларының тиімділігін арттыруға жағдай жасайды.

Өткізу кезеңдері мен тәртібі

1-кезеңде: Ұйымдастыру.

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларына апробацияны өткізуге қатысатын пән мұғалімі және мамандар, апробация өткізілетін мектептер анықталады.

Бастауыш білім беру үлгілік оқу бағдарламаларына апробация өткізуге қатысушылармен семинар өткізіледі және келісім шарт жасалынады.

Бастауыш білім беру үлгілік оқу бағдарламаларына апробация өткізуге қатысатын мектепте үлгілік оқу бағдарламасына апробация өткізу оқу жылының немесе тоқсанның басында басталады.

2-кезең: Бастапқы деректерді талдау.

Статистикалық көрсеткіштерді жинақтау және талдау, оқушыларды диагностикалық тестілеу өтеді.

Директордың орынбасарлары 1.1А және 1.1Б-ТК онлайн-платформада толтырады. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми қызметкерлері апробация өтетін мектептің статистикалық көрсеткіштерін өңдейді.

- «Пән мұғалімдеріне арналған нұсқаулыққа» сәйкес педагогтер Бастауыш білім беру үлгілік оқу бағдарламасын сынақтан өткізуді және оқу бағдарламасымен сабақ өткізуді бастайды, нәтижесін онлайн- платформаға енгізеді.

- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми қызметкерлері мұғалімдер мен апробация өткізетін мектептердің басшыларымен онлайн-платформа арқылы үнемі байланыста болады, түсіндіру жұмыстарын жасайды.

3-кезең: Апробация нәтижелерін жинақтау, талдау және соның негізінде оқу бағдарламаларын өңдеу.

Сынып мұғалімдері 2.1 және 3.1.-ТК толтырады.

Директордың орынбасары 4.1.-ТК толтырады.

Апробацияға қатысушылардың ТК-ны уақытында толтыруы қадағаланады және онлайн-платформаны толтыру кезінде кеңес беріледі, нәтижелері талданады.

Білім беру ұйымдарынан тыс апробацияға қатысушылар (пән мамандары) үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына апробация өткізіп нәтижесін нақтылайды.

4-кезең: Далалық зерттеу.

«Академия қызметкерлеріне арналған нұсқаулыққа» сәйкес Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының қызметкерлері апробация өткізілетін мектептерге барып, пән мұғалімдерімен, оқушылармен және олардың ата-аналарымен әңгімелеседі және сауалнама жүргізеді.

«Мектептерді аралау бойынша нұсқаулыққа» сәйкес сабақтарды бақылау парағы, сұхбаттасу хаттамасы толтырылады және суреттер мен аудиожазбалар жинақталады, пәндер бойынша есеп дайындалады.

Сынып мұғалімдері 2.1, 2.2 және 3.1- ТК-ны, директордың орынбасары 5.1-ТК-ны толтырады.

5-кезең: Апробация нәтижелерін талдау және үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу.

Технологиялық карталар мен сауалнамаларға талдау жасалады, қорытындылары тұжырымдалады, соның негізінде үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу бойынша жұмыс топтарына ұсынымдар әзірленеді.

Жұмыс топтарының қорытынды есептері дайындалады және Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларының жобалары бекітілуге ұсынылады.

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларына апробация өткізуге қатысушылардың функциялары

Білім беру ұйымдарында (апробацияға қатысатын мектептер) апробацияға қатысушылар:

- 1) пәннің мұғалімі;
- 2) эксперименттік сынып;
- 3) апробацияға жетекшілік ететін, апробация өткізетін мектеп директорының орынбасары;
- 4) апробация өткізетін мектептің директоры.

Апробация өтетін мектептің эксперименттік сыныптардағы пән мұғалімдерінің функциялары:

- «Пән мұғалімдеріне арналған нұсқаулыққа» сәйкес педагогтер жетілдірілген оқу бағдарламасын сынақтан өткізеді және оқу бағдарламасымен сабақ өткізеді, нәтижесін онлайн-платформаға енгізеді (4-қосымша)
- технологиялық картаны толтырады (2-қосымша);
- сауалнама, сұхбат жүргізуге, әңгімелесуге қатысады (3-қосымша);
- апробация бойынша бастапқы мәліметтердің шынайылығына және құпиялылығына жауап береді (1-қосымша);

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялауға жетекшілік ететін мектептің директоры орынбасарының функциялары:

- мектеп бойынша апробацияны өткізуді үйлестіреді;
- «Пән мұғалімдеріне арналған нұсқаулыққа» сәйкес педагогтердің оқу бағдарламаларын апробациялауға қатысуына жетекшілік жасайды;
- мұғалімдерді, оқушыларды және олардың ата-аналарынан сауалнама алуды ұйымдастырады;
- «Академия қызметкерлеріне арналған нұсқаулыққа» сәйкес қызметкерлердің пән мұғалімдерімен, оқушылармен және олардың ата-аналарымен әңгімелесу және сауалнама жүргізу үшін кездесулер кестесін

жасайды, фокус-топтар құрады, бақылауға арналған сабақ кестесін әзірлейді және т.б.;

- Бастауыш білім беру үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялауда туындаған сұрақтар бойынша мұғалімдермен (тоқсан аяғында 1 рет) талқылау жүргізеді, нәтижелерін апробацияны өткізуге арналған онлайн-платформаға салады;

- технологиялық картаны толтырады;

- мектеп бойынша апробация негізінде жиналған бастапқы мәліметтердің шынайылығына жауап береді;

- ҚалББ (аудандық) әдіскеріне қажетті ақпараттың уақытында тапсырылуына және сапасына жауап береді;

- ҮІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы келіп түскен сұраныс бойынша қажетті ақпараттарды жинау, өңдеу және тапсыруды жүзеге асырады;

- сауалнама, сұхбат, әңгімелесу жүргізуге қатысады;

- апробация қорытындысы бойынша ҮІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы тапсыру үшін есеп әзірлейді (аралық және қорытынды).

Бастауыш білім беру үлгілік оқу бағдарламасына апробацияны өткізетін мектеп директорының функциясы:

- мектептің тапсыратын апробация нәтижелерінің шынайылығына және толықтығына, құпиялылығына жауап береді;

- мектепте өткізілетін апробацияны өткізудің сапасына жауап береді;

- апробацияның өткізілу нәтижесінің уақытында жиналуына және тапсырылуына жауапты;

- Бастауыш білім беру үлгілік оқу бағдарламасына апробация өткізу бойынша мәселелердің мектептің педагогикалық кеңесінде және ата-аналар жиналысында таныстырылуын ұйымдастырады;

- сауалнама, сұхбат, әңгімелесу жүргізуге қатысады;

- апробацияны өткізу қорытындысы бойынша есеп әзірлеуге қатысады.

ОблББ және ҚалББ - апробацияны өткізуге қатысушылар:

- аудандық (қалалық) білім бөлімі әдіскерлері;

- облыстық, Алматы, Астана қалалары Білім басқармаларының әдіскерлері.

Аудандық (қалалық) білім бөлімі әдіскерлерінің функциялары:

- аудан (қала) бойынша апробацияны өткізуді үйлестіреді;

- академия қызметкерлерінің аудандық (қалалық) апробация өткізетін мектептермен жұмыс жасауына мүмкіндік жасайды («Академия қызметкерлеріне арналған нұсқаулыққа» сәйкес кездесулер кестесін жасау, фокус-топтар құру, бақылауға арналған сабақ кестесін әзірлеу және т.б.);

- Бастауыш білім беру үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялауға байланысты туындаған сұрақтарды анықтау мақсатында (тоқсан аяғында 1 рет) жүргізіліп отыратын талқылауларға қатысады;

- технологиялық картаны толтырады;
- аудан (қала) бойынша тапсырылатын апробация нәтижелерінің шынайылығына және құпиялылығына жауап береді;
- апробация бойынша қажетті ақпараттың сапасына және уақытында тапсырылуына жауап береді;
- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы түскен сұраныстарға сәйкес қажетті ақпараттарды жинайды, өңдейді және тапсырады.

Облыстық, Алматы, Астана қалалары Білім басқармаларының әдіскерлерінің функциясы:

- облыс бойынша апробацияның мектептерде өткізілуін үйлестіреді;
- проблемалық сұрақтарды анықтау мақсатында мектеп әкімшілігімен апробация барысы жайында талқылаулар жүргізеді;
- технологиялық картаны толтырады;
- облыс бойынша тапсырылатын ақпараттардың шынайылығына және құпиялылығына жауап береді;
- қажетті ақпараттың сапасы мен оның уақытында тапсырылуын қадағалайды;
- Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясынан түскен сұраныстарға сәйкес қажетті ақпараттарды жинайды, өңдейді және тапсырады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми қызметкерлерінің функциясы:

- апробацияны өткізуге жалпы басшылық жасайды;
- апробацияны өткізудің барлық кезеңдерінің міндеттерін анықтайды;
- апробацияны өткізудің құрылымы мен технологиялық карталарын әзірлейді;
- «Пән мұғалімдеріне арналған нұсқаулық», «Академия қызметкерлеріне арналған нұсқаулық» әзірлейді;
- сауалнама, сұхбат сұрақтарын, сабақтарды бақылау парақтарын әзірлейді (4-қосымша);
- апробация өтетін мектептерді аралау кестесін жасайды (5-қосымша);
- апробация өтетін мектептерді аралау логистикасын әзірлейді;
- апробацияны өткізу, қажетті ақпараттарды тапсыру мерзімдері туралы ақпараттық хат дайындайды;
- апробацияны өткізуге жауапты адамдарды тағайындайды;
- апробацияны өткізу топтарының мүшелерімен нұсқаулық жүргізеді;
- апробацияға қатысушыларды оқыту семинарын ұйымдастырады;
- бастапқы деректерді жинауды, ақпараттар ағынын өңдеуді жүзеге асырады;
- алынған деректерге талдау жүргізеді;
- жетілдірілген бағдарламаларды апробациялау процесіне қатысты проблемаларды анықтайды;
- апробацияны өткізуге негізделген онлайн-платформада апробация сұрақтарын талқылауға басшылық етеді;

- мұғалімдер мен апробация өткізетін мектептердің басшыларымен онлайн-платформа арқылы үнемі байланыста болады;
- апробация нәтижелерін талдайды, қорытындыларды тұжырымдайды;
- апробацияның нәтижесі бойынша Бастауыш білім беру үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізге ұсынымдар әзірлейді;
- апробацияның нәтижесі бойынша аралық және қорытынды есептерді дайындайды.

Білім беру ұйымдарынан тыс апробацияға қатысушылар (пән мамандары) функциясы:

«Үздік оқытушы», «Үздік педагог» республикалық конкурстарының жеңімпаздары, «Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығының иегерлері және ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD)/ бейіні бойынша доктор дәрежесі бар ғалымдар т.б. пән мұғалімдерінің функциялары:

- «Пән мұғалімдеріне арналған нұсқаулыққа» сәйкес педагогтер Бастауыш білім беру үлгілік бағдарламасын сынақтан өткізеді нәтижесін онлайн-платформаға енгізеді (1-қосымша).
- технологиялық картаны толтырады (2-қосымша);
- апробация бойынша бастапқы мәліметтердің шынайылығына және құпиялылығына жауап береді.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-2-сыныптарына арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 [бұйрығымен](#) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

2. «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің мақсаты мен міндеттері.

«Бейнелеу өнері» пәні оқу және тәрбие процестерінің органикалық бірлігі болып табылады. Онда эстетикалық және көркемдік білім беру дәйекті және жүйелі түрде білімді ұсыну мен көркемдік іс-әрекет дағдыларын үйретуге негізделген.

«Бейнелеу өнері» пәнінің оқу мақсаты көркемдік білім беру және эстетикалық тәрбие болып табылады, білім алушыларды Қазақстан мен бүкіл әлемнің рухани және материалдық мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде бейнелеу өнері әлеміне баулу, олардың тұлғасын қалыптастыру мен дамытудың тиімді құралы болып табылады.

3. «Бейнелеу өнері» пәнін оқытудың міндеттері:

Білім беру құндылықтарын қалыптастыру негізінде білім алушыларда:

- Қазақстан халқының өнері мен мәдениеті және салт-дәстүрлеріне, әлемнің мәдени алуан түрлілігіне құрмет көрсету;
- рухани келісім мен толеранттылық идеяларын ұстану;
- қоршаған ортаны және экологиялық тепе-теңдікті сақтау;
- шығармашылық және сыни ойлау;
- коммуникативтілік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді пайдалана білу;
- өмір бойы оқуға және өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру;
- бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыра отырып, әсемдікке баулу;
- шығармашылық жұмыстарда қоршаған әлемге деген көзқарасын білдіру қабілетін дамыту;
- сурет, кескіндеме, композиция, мүсін бойынша бейнелеу сауаттылығы негіздерімен танысу;
- бейнелеу өнерінің түрлерімен (графика, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін, дизайн, сәулет) және бейнелеу өнерінің жанрларымен (пейзаж, портрет, натюрморт, анималистік жанры және т. б.) танысу;
- қоршаған заттардың пішінін, көлемін және құрылымын көру және түсіну қабілетін қалыптастыру;
- кеңістіктік қабылдауды қалыптастыру;
- графикалық және тұстану дағдыларын дамыту;
- моториканы, логикалық ойлауды, өздігінен ойлауды және идеяларды іске асыруды дамыту;
- әр түрлі материалдармен жұмыс істеудің көркемдік дағдыларын және әр түрлі бейнелеу техникасын меңгеру;
- шынайы өмірде көркем мәдениеттің көрінісін көру қабілетін дамыту (көрмелер, мұражайлар, сәулет, дизайн, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер және т. б.)
- балалардың сезімталдық, көңіл-күйін білдіруін, зейінін, есте сақтау, қиял, елестету қабілеттерін дамыту;
- өзіндік, мақсаттылық, ұқыптылық, еңбекқорлық сияқты жеке қасиеттерді қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау.

4. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері «Бейнелеу өнері» оқу бағдарламасы келесі қағидаларды сақтайды:

«Іс-әрекеттік тәсіл. Қоғам дамуының осы кезеңіндегі жалпы білім беретін мектептің маңызды міндеттерінің бірі – білім алушыларды білім қорымен «қамтамасыз ету» емес, сонымен қатар оларға өздігінен ақпарат алуға және шығармашылық, ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысуға мүмкіндік беретін дағдыларды қалыптастыру. Осыған байланысты оқу үдерісіне білім

алушылардың оқып үйренуін, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға ықпал ететін технологияларды енгізу өзекті болып табылады. Әрекеттік әдіс тек іс-әрекетті оқытуды ғана емес, сонымен бірге білімді терең және нық игеруді қамтамасыз етеді.

Жеке тұлғаға бағытталған тәсіл. Жеке тұлғаға бағытталған білім беру балалардың жеке бас ерекшеліктерін (жас, физикалық, психологиялық, интеллектуалдық) ескере отырып, олардың тәрбиесіне, біліміне және дамуына, сондай-ақ кез келген балаға ерекше тұлға ретінде қарауды көздейді.

Сараланған тәсіл. Білім алушылардың жас және жеке бас ерекшеліктерін есепке алумен сипатталатын оқыту, әрбір білім алушыны оның мүмкіндіктері мен қабілеттері деңгейінде оқыту; оқытуды білім алушылардың әртүрлі топтарының ерекшеліктеріне бейімдеу. Саралап оқыту барысында білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес дамуын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін түрлі әдістер, тәсілдер, оқыту нысандары және арнайы дидактикалық материалдар қолданылады.

Коммуникативті тәсіл. Коммуникативті тәсілдің нәтижесі - қарым-қатынастың басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесу процесінде қарым-қатынас жасау, ойлармен бөлісу және идеялармен алмасу мүмкіндігі. Оқу үдерісінде әртүрлі коммуникация құралдарын пайдалану білім алушылардың сыни және өзіндік ойлауын дамытуға ықпал етеді. Оқу үдерісінде коммуникативтік тәсілге сәйкес қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, жеке және топтық іс-әрекет процесінде өздерінің шығармашылық жұмыстары мен басқалардың жұмысын бағалау және талдауға ықпал ететін тапсырмаларды қосу қажет.

Көркемдік-технологиялық тәсіл. Бұл білім алушылардың материалдарды, құралдарды, бейнелеу өнерінің заңдылықтары мен ережелерін білу, жобалау және модельдеу шығармашылық нысандарды дайындаудың технологиялық реттілігін таңдау мәселелерін шешуге бағытталған оқу-танымдық іс-әрекеті.

5. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау туралы «Бейнелеу өнері» пәнін оқыту нәтижелерін бағалау қалыптастырушы бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіледі, білім алушы мен педагог арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу үрдісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді. Оқу ақпаратының бөлімін зерделеуі аяқталғаннан кейін оқытудың белгілі бір кезеңінде қалыптастырушы бағалау жүргізіледі, білім алушыларға кері байланыс беруден шығатын критериялды бағалаудың «сынақтан өтті» және «сынақтан өтпеді» қағидатын негізге алу қажет.

2-тарау. «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің мазмұны

6. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағатты;
- 2) 2-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

7. Оқу пәнінің мазмұны

Оқу материалының мазмұны бірыңғай оқу-тәрбиелік міндеттерді шешу үшін 4 бөлімге топтастырылған. Бөлімдер өнердің әртүрлі аспектілерін ашады: типологиялық, тілдік, құндылық-бағдарлық, әрекеттілік және әр сабаққа әртүрлі дәрежеде қатыстырылады. Бөлімдер бастауыш көркемдік білім мен тәрбие мәселелерін шешуге бағытталған.

1. «Бейнелеу сауаттылық негіздері» бөлімінде шығармашылық идеяларды тәжірибеде іске асыруға арналған құралдар берілген:

- өнер туындыларын қабылдау;
- көркем мәдениеттің құндылығы мен әртүрлілігі туралы түсінік (Қазақстан халықтарының мәдениеті), Қазақстан халықтарының бейнелеу өнерінің көрнекті өкілдері, қазақстандық және әлемдік өнердің жауһар дүниелерімен танысу және эмоционалды бағалау;
- бейнелеу өнері адамның күнделікті өміріндегі рөлі, оның қоршаған ортаға әсері туралы түсінік;
- графика, графикаға арналған материалдар: қарындаш, қалам, борлар және т. б.;
- түрлі графикалық материалдармен жұмыс істеу тәсілдері мен жолдары, өнердегі суреттің рөлі: негізгі және көмекші;
- графика арқылы ойды жеткізе білу;
- кескіндеме, кескіндеме материалдары мен құралдары;
- түс – кескіндеменің негізі, көркем бейнені жасау үшін көркемдік мәнерлілік құралдарын таңдау;
- кескіндеме арқылы ойды білдіру қабілеті;
- мүсін, мүсін материалдары және олардың туындыны жасаудағы рөлі;
- көлем – мүсіннің негізі, мүсіннің негізгі талабы,
- мүсіннің көмегімен ойды жеткізе білу;
- көркем дүние жасау үшін пластикалық мүсіндік материалдармен жұмыс істеудің қарапайым тәсілдері (ермексаз, сазбалшық, гипс, папье-маше – жаю, көлем жинау, созу және пішінді құрастыру),
- дизайн және сәулет-көркем құрастыруға және модельдеуге арналған материалдардың әртүрлілігі (ермексаз, қағаз, қатырма қағаз және т. б.), мәнерлі бейне жасау үшін әртүрлі материалдармен жұмыс істеудің қарапайым тәсілдері,
- күнделікті тұрмыста көркем құрастыру және модельдеу дағдыларын пайдалану мүмкіндіктері туралы түсінік;
- сәндік-қолданбалы өнер, сәндік-қолданбалы өнердің бастаулары және оның адам өміріндегі рөлі, халықтар мәдениетінің сипаты туралы түсінік;
- табиғаттағы пішіндердің әртүрлілігі, Қазақстанның халықтық және сәндік-қолданбалы өнер туындыларымен танысу.

2. «Бейнелеу өнер әлемі» бөлімі оқу материалының мазмұнын ашады:

- көркем шығармашылықтың ерекшеліктері;
- өнер түрлері;
- өнер жанрлары;
- композиция, жазықтықтағы және кеңістіктегі композицияның қарапайым тәсілдері;

- композиция көлденең, тік және диагональ құру ұғымдары;
 - перспектива: «көкжиек сызығы», «жақын – алыс», «көп – аз», «қоршаулар» ұғымдары;
 - композициялық орталық, композициядағы басты және көмекші дәрежелі, симметрия және асимметрия;
 - композициядағы контрасттың рөлі: төмен және жоғары, үлкен және кішкентай, жұқа және қалың, қараңғы және ашық, баяу және шапшаң және т.б.;
 - әртүрлі сызықтар (жұқа, қалың, түзу, ирек, тегіс, өткір, шиыршық, дөңгелектелген) және олардың айқын сипаты, штрих, дақ және көркемдік бейнесі;
 - табиғат құбылысын, адамның, жануардың эмоционалдық жағдайын сызықтар арқылы беру;
 - түс, негізгі және құрама түстер, жылы және суық түстер, түстердің араласуы, бейненің эмоционалдық әуені мен айқындылығы ақ және қара түстердің рөлі, түс арқылы эмоцияны және кейіпкерлердің мінезін көрсету мүмкіндіктері, оның эмоционалдық жай-күйін көрсету;
 - заттардың пішіні, алуан түрлілігі және оларды жазықтық пен кеңістікте беру, пішіндердің ұқсастығы мен контрасты, қарапайым геометриялық пішіндер, табиғи пішіндер, заттар пішінінің оның сипаты туралы ұғымға әсері, силуэт;
 - көлем, кеңістіктегі көлем және жазықтықтағы көлем, көлемді көрсету тәсілдері, көлемді композициялардың мәнерлілігі;
 - ырғақ, ырғақ түрлері (тыныш, баяу, екпінді, беймаза және т. б.);
 - сызықтар, дақтар, түстер ырғағы;
 - кескіндеме мен суреттегі композицияның эмоционалды ырғағының рөлі, элементтердің ырғағы арқылы композициядағы қозғалысты көрсету, сәндік-қолданбалы өнердегі ырғақтың ерекше рөлі.
3. «Бізді қоршаған әлем» бөлімінде тапсырмалардың тақырыбы рухани-адамгершілік, эмоционалды-құндылық бағдарын белгілейді:
- бақылау дағдыларын меңгеру, нұсқаға қарап және есте сақтау арқылы сурет салу дағдыларын меңгеру;
 - табиғат пен табиғи құбылыстарды, сондай-ақ қоршаған әлем құбылыстарын бақылау;
 - табиғатты жыл мезгілдерінде, тәуліктің әр уақытында, ауа райының өзгеруіне байланысты бейнелеудің айырмашылығы;
 - табиғаттың кезеңдерін бейнелеу үшін түрлі көркем материалдар мен құралдарды пайдалану;
 - қазақстандық және шетелдік өнер жауһарларымен танысу және эмоционалдық бағалау;
 - әртүрлі халықтар мен дәуірлер бейнеленген әлемнің ең жарқын мәдениеттерімен танысу;
 - әлем халықтарының мәдени дәстүрлерін сипаттауда әртүрлі табиғи жағдайлардың рөлі, халықтардың өнеріндегі адам бейнесі, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары және сәулет нысандары;

- менің Қазақстаным, Қазақстан халқының дәстүрлі мәдениетін бейнелеудегі туған жердің табиғатының рөлі, туған өлкенің табиғат көріністері, киіз үйді, тұрмыстық заттарды, еңбек құралдарын, киім үлгілерін безендірудегі сәндік құрылымның бірлігі;

- дәстүрлі мәдениеттегі адам бейнесі, халықтың адам сұлулығының өнерде бейнеленуі туралы түсінігі;

- адам бейнесі, әлемнің түрлі мәдениеттеріндегі адам бейнесі, замандас бейнесі, портрет жанры, махаббат, достық, өнердегі отбасы тақырыптары;

- адамдық қасиеттері мен ең жақсы сезімдерін оятатындай кейіпкерлерді эмоционалды және көркемдеп бейнелеу: мейірімділік, жанашырлық, қолдау, қамқорлық, батырлық, жанқиярлық және т.б.;

- қоршаған ортадағы заттарды көркем жобалау және модельдеу;

- дизайн мен сәулет өнерінің әдемі және мәнді нысандарын жобалау үшін түрлі көркем материалдар мен құралдарды пайдалану.

4. «Шығармашылық» бөлімінде шығармашылық қызметтің түрлері мен шарттарын ашып, жүзеге асырады:

- бейнелеу, сәндік-қолданбалы және көркем-құрастыру бойынша түрлі таныстырылымдарға (презентацияларға) қатысу;

- графика, кескіндеме, мүсін, сәндік-қолданбалы өнерде алынған құзыреттерді іске асыру;

- есте сақтау, елестету арқылы және нұсқаға қарап отырып салынған сурет;

- шығармашылық жұмыстарда көркем құрастыру және модельдеу дағдыларын пайдалану;

- графика, кескіндеме, мүсіндеу, көркем құрастыру және модельдеуде бейнелеу құралдарын таңдау және қолдану;

- жеке және ұжымдық шығармашылық жұмыста әртүрлі көркемдік техникалар мен материалдарды пайдалану;

- бейнелеу өнері туындыларының мазмұны мен мәнерлі құралдарын талқылауға қатысу, шығармаға өз көзқарасын білдіру.

Бөлімдер бөлімшелерден тұрады:

- өнерді қабылдау бөлімшенің міндеті: өнерді түсіну, бейнелеу өнері деген не және оның адам өміріндегі рөлі туралы түсінік беру, бейнелеу өнері туындыларымен танысу үдерісін түсінуге және ұғынуға үйрету, Қазақстанның және әлемнің танымал суретшілерінің шығармашылығымен таныстыру. Өзіндік көзқарасы мен дүниетанымын қалыптастыру; көркем - эстетикалық мәдениеті мен стильдегі талғамын; өнер туындыларын саралай білу қабілетін қалыптастыру;

- графика туралы бөлімшеде қарастырылған міндеттер: білім алушыларды заттың (бұйымның) кеңістіктегі орнын ескере отырып, екі өлшемді жазықтықта үш өлшемді пішінді көруге және бейнелеуге үйрету, әртүрлі графикалық тәсілдерді (сызықтар, штрихтар, дақтар, реңктер мен жарық-көлеңкенің үйлесімділігі) қолдану арқылы пропорцияларды, көлемді,

текстураны беру арқылы екі өлшемді жазықтықта үш өлшемді пішінді көруге және бейнелеуге үйрету; графикалық материалдармен танысуды жалғастыру.

- кескіндеме туралы бөлімшеде қарастырылған міндеттер: жұмысты нұсқаға қарап салуда пен түстерді эмоционалды қабылдауды, үйлесімді түс қатынастарын құру қабілетін дамыту; түсті сезінуге үйрету. Жұмысты сауатты жүргізу, көркем материалдарды сауатты пайдалану дағдыларына үйрету. Заттардың фактурасын бере білу дағдысын; түстің көмегімен кеңістікті жарық арқылы бере білу дағдысы; бейнеленетін заттың пішінін рең және түс арқылы «көлемін шығару» кезеңдерін зерделеуді (бұйымның немесе заттың «өз түсі» ұғымы және оған жарықтың әсері, пішіні мен материалдылығын берудегі реңнің рөлін) дамыту.

- мүсін туралы бөлімшеде қарастырылған міндеттер: кеңістіктікте ойлауды үйрету, балалардың көлемді қабылдауын, пластика арқылы көлем мен кеңістікті көру және жеткізу мүмкіндігін дамытуға ықпал ету. Сабақтарда білім алушылар рельефті және жұмыр мүсіндерді орындау негіздерімен танысады;

- сәндік-қолданбалы өнер туралы бөлімшеде қарастырылған міндеттер: сәндік-қолданбалы өнер мен дизайнның талаптары мен заңдылықтарын түсінуге тәрбиелеу. Әсемділік туралы идеялардың маңыздылығын нақты жеткізуге үйрету. Стилизациялау және жалпылау әдістерін қолдана отырып, қоршаған ортада кездесетін пішіндерді шығармашылық тұрғыда өздігінен жасай білуді қалыптастыру. Әртүрлі материалдармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру және оны халық дәстүрімен байланыстыру;

- сәулет және дизайн туралы бөлімшеде қарастырылған міндеттер: (көркем құрастыру және модельдеу) сәулет ортасы мен дизайн негіздерін зерттеу және модельдеу, пішінге айналдыру туралы білімін нақтылау, көлемді және жазықтық композициялар жасау дағдылары мен көркем дизайн мәселелерін өз бетінше шеше білу дағдыларын қалыптастыру.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

8. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші саны сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімшенің ретін, төртінші саны оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 2.2.1.1 кодында «2» – сынып, «2.1» – бөлім мен бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

Ескерту: Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған.

| Бөлім | Бөлімшелер | Оқу мақсаттары | |
|----------------------------------|--------------------------------|---|---|
| | | 1-сынып | 2-сынып |
| 1.Бейнелеу сауаттылығы негіздері | 1.1 Өнер туындылары н қабылдау | 1.1.1.1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениетінің түрлі өнер туындыларын эмоционалды қабылдау | 2.1. 1. 1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениетінің түрлі өнер туындыларымен танысу |
| | 1.2 Графика | 1. 1. 2. 1 базалық деңгейде техникалар мен тәсілдерді пайдалана отырып, | 2. 1. 2. 1 әр түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, графикалық материалдар |

| | | | |
|------------------------|---|--|--|
| | | графикалық материалдар мен құралдарды қолдану 1. 1. 2. 2 базалық деңгейде графика техникалары мен тәсілдерін қолдану | мен құралдарды қолдану 2. 1. 2. 2 шығармашылық жұмыста графиканың әртүрлі тәсілдері мен техникаларын қолдану |
| | 1.3 Кескіндеме | 1. 1. 3. 1 базалық тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, кескіндеме материалдары мен құралдарын қолдану 1. 1. 3. 2 кескіндеменің қарапайым тәсілдері мен техникасын қолдану | 2.1.3.1 әр түрлі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, кескіндеме материалдары мен құралдарын қолдану 2. 1. 3. 2 кескіндеменің әртүрлі тәсілдері мен техникасын шығармашылық жұмыста қолдану |
| | 1.4 Мүсін | 1.1.4.1 базалық тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, мүсіндеу материалдары мен құралдарын қолдану | 2.1.4.1 әртүрлі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, мүсіндеу материалдары мен құралдарын қолдану |
| | 1.5 Сәндік-қолданбалы өнер | 1.1.5.1 базалық тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын қолдану | 2.1.5.1 әртүрлі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын қолдану |
| | 1.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу) | 1.1.6.1 базалық құрылымдық техникалар мен тәсілдерді қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану 1.1.6.2 модельдеудің қарапайым техникалары мен тәсілдерін қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану | 2.1.6.1 әртүрлі құрылымдық техникалар мен тәсілдерді қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану 2.1.6.2 модельдеудің әртүрлі техникалары мен тәсілдерін қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану |
| 2.Бейнелеу өнері әлемі | 2.1 Өнер туындылары н қабылдау | 1.2.1.1 өнер туындыларының тақырыбын және жұмысты орындау материалдарымен танысу. | 2.2.1.1 Өнер туындыларының тақырыптарын және осы жұмыстарды орындау материалдарын талқылау |
| | 2.2 Графика | 1.2.2.1 графика түрлері мен жұмыстың орындалу техникасын білу | 2.2.2.1 графика түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу. |
| | 2.3 Кескіндеме | 1.2.3.1 кескіндеме түрлері мен жұмыстың орындалу техникасын білу | 2.2.3.1 кескіндеме түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу. |
| | 2.4 Мүсін | 1.2.4.1 мүсін түрлері мен жұмыстың орындалу техникасын білу | 2.2.4.1 мүсін түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу. |

| | | | |
|------------------------|---|---|--|
| | 2.5 Сәндік-қолданбалы өнер | 1.2.5.1 сәндік-қолданбалы өнер түрлері мен жұмыстың кейбір базалық орындалу техникасын білу 1.2.5.2 "Табиғи пішіндер" ұғымын және жұмысты орындаудың кейбір қарапайым әдістерін білу | 2.2.5.1 сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу 2.2.5.2 "Сәндік-қолданбалы өнердегі "Табиғи пішіндер" ұғымын және жұмысты орындаудың кейбір әдістерін білу |
| | 2.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу) | 1.2.6.1 жұмысты орындау үшін дизайн түрлерімен және базалық құрылымдау және модельдеу техникасымен танысу 1.2.6.2 жұмысты орындау үшін сәулет стильдерімен және кейбір құрылымдау және модельдеудің қарапайым техникасымен танысу | 2.2.6.1 құрылымдау мен модельдеуде негізгі дизайн түрлері мен техникасын білу 2.2.6.2 құрылымдау мен модельдеуде қарапайым сәулет формалары мен техникасын білу |
| 3. Бізді қоршаған әлем | 3.2 Графика | 1.3.2.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру | 2.3.2.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және талдау, графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (сызық, пішін, фактура және т. б.) білдіру 2.3.2.2 "Бақылау арқылы сурет салу" және "Есте сақтау арқылы сурет салу" ұғымдарын білу және талдау, графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (сызық, пішін, фактура және т. б.) білдіру |
| | 3.3 Кескіндеме | 1.3.3.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру 1.3.3.2 қоршаған әлемді бақылау және есте сақтау арқылы бейнелеу тәсілдерінің кейбір ерекшеліктерін білу, кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру | 2.3.3.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және талдау, кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (түс, дақ, фактура және т.б.) білдіру 2.3.3.2 "Бақылау арқылы сурет салу" және "есте сақтау арқылы сурет салу" ұғымдарын білу және кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (түс, дақ, текстура және т. б.) білдіру |
| | 3.4 Мүсін | 1.3.4.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, | 2.3.4.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін |

| | | | |
|-----------------|---|--|--|
| | | мүсіндеу құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру | түсіну, мүсіндеу құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (көлемі, пішіні, фактура және т. б.) білдіру |
| | 3.5 Сәндік-қолданбалы өнер | 1.3.5.1 қоршаған әлемнің ерекшеліктерін жеткізу үшін сәндік-қолданбалы өнер құралдарымен танысу 1.3.5.2 Сәндік - қолданбалы өнердің "Жалпылау" ұғымын білу | 2.3.5.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және талдау, сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру 2.3.5.2 "Жалпылау" ұғымын және оны бейнелер мен пішіндердің көмегімен сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы білдіру мүмкіндігін білу |
| | 3.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу) | 1.3.6.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, дизайн құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру 1.3.6.2 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, сәулет құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру | 2.3.6.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және сипаттау, дизайн құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру. 2.3.6.2 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және сипаттау, сәулет құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру |
| 4. Шығармашылық | 4.2 Графика | 1.4.2.1 графикалық тәсілдер мен техниканың көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру 1.4.2.2 графикалық жұмысты таныстырудың әртүрлі мүмкіндіктерімен танысу | 2.4.2.1 графикалық тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру 2.4.2.2 графикалық жұмысты таныстырудың әртүрлі мүмкіндіктерін білу |
| | 4.3 Кескіндеме | 1.4.3.1 кескіндемелік тәсілдер мен техниканың көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру 1.4.3.2 кескіндемелік жұмысты таныстырудың әртүрлі мүмкіндіктерімен танысу | 2.4.3.1 кескіндемелік тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру 2.4.3.2 кескіндемелік жұмысты таныстырудың әртүрлі мүмкіндіктерін білу |
| | 4.4 Мүсін | 1.4.4.1 мүсіндік тәсілдер мен техниканың көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру | 2.4.4.1 мүсіндік тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру |

| | | |
|---|--|---|
| 4.5 Сәндік-қолданбалы өнер. | 1.4.5.1 сәндік-қолданбалы өнер тәсілдер мен техниканың көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру | 2.4.5.1 сәндік-қолданбалы өнер тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру |
| 4.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу) | 1.4.6.1 дизайн идеяларын шығармашылықпен ұсыну, идеялар мен сезімдерді құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникасы арқылы білдіру 1.4.6.2 сәулет идеяларын шығармашылықпен ұсыну, идеялар мен сезімдерді құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникасы арқылы білдіру | 2.4.6.1 дизайн идеяларын шығармашылықпен ұсыну, идеялар мен сезімдерді құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникасы арқылы негізді түрде білдіру 2.4.6.2 сәулет идеяларын шығармашылықпен ұсыну, дизайн мен модельдеудің әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, сезімдерін білдіріп бейнелеу |

9. Орта мерзімді жоспарлау кезінде бөлімдер мұғалім жоспарлаған тақырыптарға байланысты ауысуы мүмкін. Бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

10. Осы оқу бағдарламасы бастауыш білім беру деңгейінің 1-2-сыныптарына арналған «Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейіне арналған «Еңбекке баулу» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (1-2 сыныптар)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Еңбекке баулу» оқу пәнінің оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген).

2. Оқу бағдарламасының мақсаты – көркемдік-технологиялық білімнің, кеңістіктік-образдық, шығармашылық ойлаудың негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаның қалыптасуының негізі ретінде рухани-адамгершілік мәдениетті дамыту.

3. Оқу пәнінің міндеттері:

1) Әртүрлі ақпарат түрлерін іздеу, жинау, сұрыптау, бағдарлау қабілетін дамытуға ықпал жасайтын, әртүрлі танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы міндеттерді өздігінен шешу тәжірибелерін қалыптастыру;

2) жеке, топтық және ұжымдық жұмыстарды орындау процесінде қолдың моторикасын, сенсорикасын, қиялдауы мен шығармашылығын, елестетуін және қабылдауын дамыту;

3) әртүрлі материалдар мен құралдарды қолдану арқылы кеңістіктік-образдық ойлау дағдыларын қалыптастыру;

4) позитивті дүниетанымды қалыптастыру, білім алушылардың өзін-өзі бағалауын арттыру;

5) ұлттық және әлемдік мәдениет туындыларымен танысу арқылы зерттеушілік дағдыларын дамыту;

6) ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау.

4. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері

«Еңбекке баулу» оқу бағдарламасы келесі қағидаларды сақтайды:

Іс-әрекеттік тәсіл. Қоғам дамуының осы кезеңіндегі жалпы білім беретін мектептің маңызды міндеттерінің бірі – білім алушыларды білім қорымен «қамтамасыз ету» емес, сонымен қатар оларға өздігінен ақпарат алуға және шығармашылық, ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысуға мүмкіндік беретін дағдыларды қалыптастыру. Осыған байланысты оқу үдерісіне білім алушылардың оқып үйренуін, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға ықпал ететін технологияларды енгізу өзекті болып табылады. Әрекеттік әдіс тек іс-әрекетті оқытуды ғана емес, сонымен бірге білімді терең және нық игеруді қамтамасыз етеді.

Жеке тұлғаға бағытталған тәсіл. Жеке тұлғаға бағытталған білім беру балалардың жеке бас ерекшеліктерін (жас, физикалық, психологиялық, интеллектуалдық) ескере отырып, олардың тәрбиесіне, біліміне және дамуына, сондай-ақ кез келген балаға ерекше тұлға ретінде қарауды көздейді.

Сараланған тәсіл. Білім алушылардың жас және жеке бас ерекшеліктерін есепке алумен сипатталатын оқыту, әрбір білім алушыны оның мүмкіндіктері мен қабілеттері деңгейінде оқыту; оқытуды білім алушылардың әртүрлі топтарының ерекшеліктеріне бейімдеу. Саралап оқыту барысында білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес дамуын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін түрлі әдістер, тәсілдер, оқыту нысандары және арнайы дидактикалық материалдар қолданылады.

Коммуникативті тәсіл. Коммуникативті тәсілдің нәтижесі - қарым-қатынастың басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесу процесінде қарым-қатынас жасау, ойлармен бөлісу және идеялармен алмасу мүмкіндігі. Оқу үдерісінде әртүрлі коммуникация құралдарын пайдалану білім алушылардың сыни және өзіндік ойлауын дамытуға ықпал етеді. Оқу үдерісінде коммуникативтік тәсілге сәйкес қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға,

жеке және топтық іс-әрекет процесінде өздерінің шығармашылық жұмыстары мен басқалардың жұмысын бағалау және талдауға ықпал ететін тапсырмаларды қосу қажет.

Көркемдік-технологиялық тәсіл. Бұл білім алушылардың материалдарды, құралдарды, заңдылықтар мен ережелерін білу, жобалау және модельдеу шығармашылық нысандарды дайындаудың технологиялық реттілігін таңдау мәселелерін шешуге бағытталған оқу-танымдық іс-әрекеті.

5. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау туралы

«Еңбекке баулу» пәнін оқыту нәтижелерін бағалау қалыптастырушы бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіледі, білім алушы мен педагог арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу үрдісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді. Оқу ақпаратының бөлімін зерделеуі аяқталғаннан кейін оқытудың белгілі бір кезеңінде қалыптастырушы бағалау жүргізіледі, білім алушыларға кері байланыс беруден шығатын критериялды бағалаудың «сынақтан өтті» және «сынақтан өтпеді» қағидатын негізге алу қажет.

2-тарау. «Еңбекке баулу» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Еңбекке баулу» оқу пәнінің мазмұны

6. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағатты;
- 2) 2-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

7. Оқу бағдарламасының мазмұны келесі материалдарды оқып-үйренуді қарастырады:

- табиғи материалмен жұмыс;
- қағаз және қатырма қағазбен жұмыс;
- техникалық үлгілеу және құрастыру;
- өзіне-өзі қызмет ету.

8. Әртүрлі жұмыстарды орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелері:

Жұмысты тек мұғалімнің рұқсатымен бастау, жұмыс кезінде басқа жаққа алаңдамау; қолдану ережесі таныс емес құралдарды пайдаланбау; құралды тек қажеттілігіне қарай пайдалану; өткір және іске жарамсыз құралдармен жұмыс істемеу; құралдар мен жабдықтарды арнайы орындарда сақтау; жұмыс орнын таза және тәртіпте ұстау; құралдар мен жабдықтарды мұғалім көрсеткен ретпен орналастыру; жұмыс кезінде сөйлеспеу, сыртқы істермен алаңдамау.

9. «Еңбекке баулу» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Шығармашылық идеяларды зерделеу және дамыту» бөлімі: қоршаған әлемді бақылау, әртүрлі материалдардың қасиеттерін (түс, пішін, өлшем, фактура) зерделеу арқылы зерттеушілік дағдыларын және шығармашылық елестету қабілеттерін жетілдіру, қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрін,

мәдениетін зерделеу, техникалық үлгілеу және құрастыру идеяларын дамытуды қарастырады.

2) «Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау» бөлімі: ұжымдық, топтық және жеке жұмыстарды орындау процесінде сенсорика, қолдың моторикасын, қиялдауы мен шығармашылығын, практикалық дағдыларын дамыту, әртүрлі материалдармен (қағаз, табиғи және көркемдік материалдар, ермексаз, дайын шаблондар) эксперимент жүргізу, әртүрлі жұмыс техникаларын меңгеру, өзінің іс-әрекетін жоспарлау; өлшеу құралдарымен жұмыс, қарапайым тәсілдер арқылы материалдар мен компоненттерді біріктіру, техникалық үлгілеу және құрастыру, көлемді пішіндер жасау, ұлттық мәдениеттің элементтері бар шығармашылық жұмыстарды дайын шаблон арқылы орындау; қауіпсіздік техникасын, гигиеналық талаптарды сақтау; өзінің жұмыс орнын ретке келтіруді қарастырады.

3) «Талдау және бағалау» (презентация) бөлімі: презентация арқылы коммуникативтік және сөйлеу дағдыларын дамыту, соның аясында өзінің және басқалардың жұмысын бағалау, презентациялау және түсіндіруді қарастырады.

10. «Еңбекке баулу» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Шығармашылық идеяларды зерделеу және дамыту» бөлімі: зерттеу және түсіну, қоршаған әлемді сипаттау, халықтың мәдениеті мен дәстүрін білу және түсіну, қолданбалы өнерді зерттеу, шығармашылық идеяларды жүзеге асырудың техникалық құралдарын ажырата білу, ақпарат көздерімен жұмыс істеу, жұмыс орнын ұйымдастыруды қарастырады.

2) «Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау» бөлімі: шығармашылық жұмыс үшін әртүрлі материалдармен (көркем, табиғи және жасанды) тәжірибе жасау; қажетті техникалық дағдыларды игеру, жұмыс процесін жоспарлау, шығармашылық жұмысты дайындау технологиясы, өлшеу құралдарымен жұмыс, материалдар мен компоненттерді қарапайым тәсілдермен біріктіру, көлемді формалар жасау, ұлттық мәдениет элементтерімен шығармашылық жұмыстар жасау, жұмыс орнын ретке келтіру, гигиеналық талаптарды, қауіпсіздік ережелерді сақтауды қарастырады.

3) «Презентация, талдау және бағалау» бөлімі: шығармашылық жұмыстардың презентациясы, әртүрлі өнер туындыларын талдау, шығармашылық жұмыстарды талқылау және бағалау; презентация арқылы коммуникативтік және сөйлеу дағдыларын дамыту, соның аясында өзінің және басқалардың жұмысын бағалау, презентациялау және түсіндіруді қарастырады.

10. Бағдарлама мазмұны әртүрлі көркемдік-шығармашылық әрекетті қарастырады. Сабақ барысында іске асырылатын шығармашылық әрекеттің түрлерін еңбекке баулу мұғалімінің өзі анықтайды. Бұл ретте көркемдік-шығармашылық әрекеттің негізгі үш түрі: құрылымдау, жоспарлау және сәндеу әрекеттері міндетті түрде іске асырылады.

2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

11. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші, үшінші сан бөлім және бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. 2.2.1.1 кодында: «2» - сынып, «2.1» – бөлім мен бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

Ескерту: оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған.

12. Оқу мақсаттарының жүйесі:

1) 1-бөлім «Шығармашылық идеяларды зерделеу және дамыту»:

| <i>Бөлімшелер</i> | <i>1-сынып</i> | <i>2-сынып</i> |
|---|---|--|
| 1.1 Материалдың атауы, түрі мен қасиетін білу және түсіну | 1.1.1.1 материалдың атауын білу; 1.1.1.2 материал қасиеттерін (түсі, пішіні, көлемі) білу; | 2.1.1.1 материал түрлерінің атауларын ажырату және олардың қасиеттері мен қолданылуы туралы зерделеу; 2.1.1.2 материал қасиеттерінің сипаттамасын (жұмсақтығы, тығыздығы, беріктігі, түсі, пішіні, көлемі) анықтау; |
| 1.2 Материалдың қолданылу саласын білу және түсіну | 1.1.2.1 материалдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру; | 2.1.2.1 материалдар мен құралдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктерін қарастыру; 2.1.2.2 түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай ажырату, қолданылу саласын анықтау; |
| 1.3 Шығармашылық идеяларды дамыту | 1.1.3.1 шығармашылық идеяларды жоспарлау және әзірлеу кезінде әртүрлі материалдармен және құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру; | 2.1.3.1 шығармашылық идеяларды дамыту үшін ақпарат жинау және жұмыстың эскизін жасау; 2.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің қарапайым элементтерін қолдану; |
| 1.4 Жоспарлау | 1.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материалдардың түрлерін анықтау; | 2.1.4.1 шығармашылық жұмысқа қажет материалдарды және орындаудың реттілігін анықтау; |

2) 2-бөлім «Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау»:

| <i>Бөлімшелер</i> | <i>1-сынып</i> | <i>2-сынып</i> |
|---|---|--|
| 2.1 Материалдар және шығармашылық жұмысты орындау техникалары | 1.2.1.1 түрлі материалдардың ерекшелігін түсіну (көркемдік, табиғи және | 2.2.1.1 қарапайым әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау; |

| | | |
|--------------------------------------|--|--|
| | жасанды) және құралдарды қолдану техникасын меңгеру; | 2.2.1.2 сәндік-қолданбалы өнер элементтері бар бұйымдарды орындау тәсілдерін талдау; |
| 2.2 Дайындау технологиялары | 1.2.2.1 қарапайым тәсілдермен материалдардың құрамын зерттеу және дайындау; 1.2.2.2 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде ұлттық мәдениеттің элементтерін атау; 1.2.2.3 айқындалған материалдармен қарапайым бұйымдар жасау; | 2.2.2.1 үлгіні пайдаланып бұйымның бөлшектерін біріктіру; 2.2.2.2 шығармашылық жұмыстарды жасау барысында ұлттық элементтердің түрлерін ажырату; 2.2.2.3 қарапайым тәсілдер мен материалдарды пайдаланып бөлшектерді модельдеу және құрастыру; |
| 2.3 Қауіпсіздік техникасын сақтау | 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу; 1.2.3.2 өзінің мүмкіндігіне қарай жұмыс орнында гигиеналық талаптарды білу және сақтау; | 2.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын қолдану; 2.2.3.2 өзінің мүмкіндігіне қарай жұмыс орнында гигиеналық талаптарды тізбектеу және сақтау; |

3) 3-бөлім «Презентация, талдау және бағалау»:

| Бөлімшелер | 1-сынып | 2-сынып |
|---|--|---|
| 3.1 Презентация | 1.3.1.1 өзінің жұмысын таныстыру (көрме); | 2.3.1.1 өз жұмысының идеясы түсіндіріп, ұсыну (көрме); |
| 3.2 Шығармашылық жұмыстарды талдау және бағалау | 1.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау; | 2.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау, оны жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу; |

13. Бөлімдер, бөлімшелер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

14. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-2-сыныптарына арналған «Еңбекке баулу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

2. Бастауыш білім берудің 1-4-сыныптары пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын енгізудің апробация және мониторинг нәтижелерін талдау

2022-2023 оқу жылынан бастап «Көркем еңбек» пәні 1-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» болып екі пәнге бөлініп, оқу процесіне енгізілді.

Жұмыс тобы «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерінің Үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын әзірледі. ҮОБ-н базалық мазмұнын құрастыруда құндылықтарға негіздеп оқыту, білім алушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, шиыршық қағидаты, пәнаралық және сыныпаралық байланысты сақтау басшылыққа алынды.

«Еңбекке баулу» оқу бағдарламасының мазмұны 3 негізгі бөлімнен тұрады: «Шығармашылық идеяларды білу және тану»; «Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау»; «Талдау және бағалау» (презентация). Аталған бөлімдерді жүзеге асыру үшін пәннің базалық мазмұны 4 бағыт бойынша жұмыс жасайды:

1. «Табиғи материалдармен жұмыс»;
2. «Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс»;
3. «Техникалық үлгілеу және құрастыру»;
4. «Өзіне – өзі қызмет ету».

«Бейнелеу өнері» оқу бағдарламасының мазмұны 4 негізгі бөлімнен тұрады: «Бейнелеу сауаттылығы негіздері», «Бейнелеу өнері әлемі», «Бізді қоршаған әлем» және «Шығармашылық». Аталған бөлімдерді жүзеге асыру үшін пәннің базалық мазмұны 6 бағыт бойынша жұмыс жасайды: 1. Өнерді қабылдау. 2. Графика. 3. Кескіндеме. 4. Мүсін. 5. Сәндік-қолданбалы өнер. 6. Сәулет және дизайн.


Бірінші сараптама қорытындысында ҮОБ мақсатын, мазмұнын, ұйымдастырушылық бөлімдерін МЖМБС мақсатымен, мазмұнымен, ұйымдастырушылық бөлімдерінің сәйкестігін толықтыру керек деген ұсынысын қабылданып, өзгертілді.

1-4-сыныптарға арналған «Бейнелеу өнері» мен «Еңбекке баулу» пәндерінің оқу бағдарламалары бекітіліп, кезең бойынша қолданысқа 1 – сыныптан бастап енгізілді.

2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша 1-сыныптарда «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндерін оқыту туралы пікірді зерделеу мақсатында бастауыш сынып мұғалімдері арасында жүргізілген сауалнама қорытындысы жасалды.

Сауалнама 20 өңірден 7076 бастауыш сынып мұғалімдері қатысты. Олардың ішінен Жамбыл облысының (1456 педагог, сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 20,6%), Түркістан облысының (1196 педагог, сауалнамаға қатысушылардың 16,9 %) мұғалімдері белсенді қатысты. Бұл мәселе бойынша статистика диаграммада толығырақ берілген.


1-диаграмма. Сауалнамаға қатысқан бастауыш сынып мұғалімдерінің саны.



Сауалнамаға қатысқан еңбек өтілі бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің контингентін зерттеу келесідей нәтиже көрсетті. Талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі (54,7%) тәжірибелі мамандар болып табылады.

Сауалнамаға қатысқан пән мұғалімдерінен 15 жылдан астам жұмыс өтілі бар педагогтер 54,7%- ы (4065 педагог), 10 жылдан 15 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер 16,1% (1139 педагог), 5 жылдан 10 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагогтер 15,7% (1109 педагог), 1 жылдан 5 жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі бар 10,8% (763 педагог) жас мамандар болды.


1-сурет. Сауалнамаға қатысушылардың педагогикалық өтілі.



Респонденттердің осы контингентін біліктілік санаттары бойынша зерделеу бастауыш мектеп педагогтерінің 25% - (1128 адам) біліктілік санаттары


жоқ немесе жаңа біліктілік санаттарына өтпегенін көрсетті. Бұл статистика диаграммада нақты көрсетілген.

2-диаграмма. Біліктілік санаттары бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің контингентін талдау.



«Көркем еңбек» оқу пәнін екі жеке «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» пәндеріне бөлу қаншалықты тиімді болды?» деген сұраққа 6192 бастауыш сынып мұғалімі тиімді деп жауап берсе, 379 сауалнамаға қатысушы тиімсіз деп, ал 505 педагог бұл сұраққа жауап беруге қиналатынын жазған.

2-сурет. «Көркем еңбек» оқу пәнін екі жеке «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» пәндеріне бөлудің тиімділігі.



«Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндерін бөлек оқыту туралы пікірді зерделеу барысында, педагогтердің 87,5 пайызы екі пәннің бөлек оқылуы білім алушыларға да, мұғалімдерге де тиімді екенін көрсетеді.

Респонденттер өз жауаптарында төмендегідей ойларымен бөлісті:

- Сабакты жоспарлау, әр білім алушыға жеке көңіл бөлу, екі пәннің маңыздылығын түсіну және игеру /білім алушының бойына сіңіру, әр пәннің әртүрлі дағдыларын қалыптастыру, нақты тақырыппен жұмыс істеу барысында мұғалімге өте тиімді;

- «Көркем еңбек» оқу пәнінің екі пәнге бөліп оқытылуы білім алушылардың ойлау, елестету қабілеттерін дамытып, олардың шығармашылықтың әр түрімен айналысуға, белгілі бір бағытты таңдау кезінде қабілеттерін анықтауға екі пәннің бөлек өтуі өте тиімді. Бала білімді тереңірек меңгеріп қана қоймай, өзінің шығармашылық қабілеттерін арттырып, жан-бақты идеяларын іске асыра алады;

-Баланың ойлау, елестету қабілетін дамытады;

-Мақсаттары әр түрлі, әр пәннің өз мақсаты мен міндеті бар;

-Әр пәннен шығармашылық қабілеттері жақсы дамиды;

-Еңбекке баулу баланың қол еңбегін дамыту бала әр түрлі материалдармен жұмыс жасап үйренеді. Ал бейнелеу өнері ол сурет салу ,бейне жасау әр түрлі материалдар көбінде бояумен жұмыс жасайды. Еңбекке баулу сабағы бөлек жүргені дұрыс деп ойлаймын;

-Еңбекке баулу сабағында балалардың қол өнерлері жақсы дамиды, ұқыптылыққа, ептілікке дағдыланады. Бейнелеу өнері сабағында сурет салуға машықтанады, көркем эстетикалық, сезімталдық, байқампаздық қасиеттері дамиды;

-Оқушылардың шығармашылықпен айналысуына уақыт көп болады;

-Әр пәннің өз ерекшелігі бар. Білім алушы өзінің шығармашылық идеяларын іске асыра алады;

-Себебі, әр пәнге қатысты дағдылар мен білімді толық игеріп шығуына мүмкіндік береді;

-Себебі қызығушылықты арттырады;

-Өйткені қолмен жасалатын заттарды үйренеді;

-Сурет салу дағдысы дамиды;

-Сізге жұмыстарды орындау кезінде қолдың моторикасын қиялдауы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;

-Еңбекке баулу пәнінде оқушылардың қолмен жұмыс жасау моторикасы, шығармашылық қабілеттері артады. Жұмысқа қажетті материалдар түрлерін ажыратады. Бейнелеу өнері пәнінде дизайн, модельдеу, сурет салуда сызық түрлерін қолдану гуашпен, қылқаламмен жұмыс жасау салалары бойынша бөлінген;

-«Еңбекке баулу» пәнінде бала ермексазбен, қағаз түрлерімен, табиғи және жасанды материалдармен жұмыс жасайды. «Бейнелеу өнері» пәні бойынша сурет салу арқылы ой-өрісі дамып, шығармашылығы қалыптасады. Екі пән бірге болғаны дұрыс емес. Сол себептен бөліп оқыту тиімді. «Еңбекке баулу» пәні бойынша бұрынғыдай бастауыш бойынша 2 сағаттан берсе тіптен дұрыс.

-Екі пәнді екі бөліп қараған дұрыс. Бейнелеу өнерінде сурет салуға бейімдесек, еңбекке баулуда қол өнерге бейімделеді. Екеуін қосып оқыту аздық етеді;

-Балалардың моторикасын дамытуға көмектеседі, ол жазуларын жақсартуға әкеледі;

-Себебі бейнелеу өнерінде сурет салудың қыр - сырын үйретсек, еңбекке баулуда бұйым жасаумен айналысамыз;

-Баланың еңбекке қабілеттілігі артады;

-Балалар еңбекқор болып өсуіне үлес көп болады;

-Еңбекке баулу пәнінде қолөнермен айналысады, бейнелеу өнерінде сурет салады;

-Әр пәнде қалыптасатын дағдылар әр түрлі;

-Балалардың оюға деген икемі, сурет салуға икемі болуы;

-Жеңіл әрі оңай болды;

-Еңбекке баулу пәнінің бағдарламасы шығармашылық сезімдерін дамытады;

-Бала өзінің өнерін көрсете алады;

-Әр пәнге деген білім алушылардың қызығушылығы артты;

-Себебі, оқушылар бейнелеу өнері пәнінен сурет салудың қыр сырымен танысады. Ал «Еңбекке баулу» пәнінен оқушылар түрлі қағаздардан, қатырмақағаздан қырқу арқылы, яғни қайшы, желім т.б. құралдармен еңбек етуге үйренеді. Сол себептен де, екі пәнді екі бөлек өткен өте дұрыс;

-Сурет пен қол еңбегі екі туралы ұғым;

-Әр баланың ерекше қасиетін анықтауға ыңғайлы;

-Бейнелеу өнері сабағында оқушылардың ізденімпаздық, ойлау, қабілеттерін дамытады, әсемдікке ұқыптылыққа тәрбиелейді.

-Себебі, бұл пәндерді балалар өте жақсы көреді. Тапсырмаларды қызыға орындайды, асыға күтеді. Екі пәнді біріктіру дұрыс емес деп ойлаймын;

-Еңбекке баулу ермексазбен, қағазбен жұмыс. Ал бейнелеу өнері сурет салу пейзаж, портрет, натюрморт дегендей;

-Себебі, екі пәнді екі бөлек оқытқан кезде, білім алушылардың қабілеті екі пәннен әртүрлі болып байқалды, әр білім алушының қай жағынан, қай қырынан дамытуға болатынын байқадым;

-Себебі жеке-жеке пән білім алушы үшін тиімді;

-Дүниенің кереметтерін ұғынады;

-Балалар сурет салуды және өз қолдарымен әртүрлі композиция жасауды үйренеді;

-Бейнелеу сабағында сурет салу түрлері мен тәсілдері меңгерілсе, ал еңбекке баулу сабағы қол еңбегі болып саналады;

-Тиімді себебі әр оқушының білімі шыңдалады осы бағытта. Функционалдық сауаттылығы дамиды;

-Әр пәнді жеке-жеке өткені балалар үшін өте қолайлы, тиімді болды;

-Себебі оқушының шығармашылығын дамыту үшін өте қолайлы болар еді;

-Әр тапсырманың өз ерекшеліктері бар. Оқушыларға бөлек өткізген ұнайды;

-Еңбекте қол өнерімен, бейнелеуде суретке көп көңіл бөлінеді;

-Себебі оқушылар екі пәнде де өз шығармашылық жұмысының нәтижесін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар өздерінің және басқалардың жұмыстарын түсіндіру, талдау және нәтижелерін сауатты бағалау, жұмыс әдістерін және шығармашылық идеяларын ұсына біледі.

-Себебі екеуі екі бөлек еңбекке баулу қол еңбегі мен еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бейнелеу өнері қол өнерімен айналысу мен сурет салу, тоқыма тоқу т.с.с.;

-Жеке пәндерге бөлудің тиімділігі сурет салу мен қолөнер жұмысы бөлек болса, оқушы жақсы үйренеді;

-Бөлінген тиімді себебі барлық балаға көңіл бөлінеді;

-Тиімді болған себебі, екі пәнде екі түрлі шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік болды:

-бейнелеу өнерінің түрлерімен (графика, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін, дизайн, сәулет) және бейнелеу өнерінің жанрларымен (пейзаж, портрет, натюрморт, анималистік жанр және т.б.);

-Екі пән болғаны дұрыс. Оқушылардың осы пәндерге қызығушылықтары жоғары;

-Айналаға деген көзқарасы түсінігі қалыптасады;

-Тиімді, өйткені пән бойынша жеке жұмыстар жасалды.

-Бала қабілетін ашуға

-Бейнелеу өнерінде сурет салып, еңбекке баулу пәнінен қолөнермен шұғылданады

-Бейнелеуде сурет жанры бойынша жұмыстар орындаса, ал еңбекке баулуда қол еңбегімен танысып, сол арқылы жұмыстар жүргізіледі.

-Әр сабақ өз жоспары бойынша өтеді, оқушыларға бейнелеу өнері сабағы да, еңбекке баулу да ұнайды;

-Көркем еңбек сабағында оқушылар қол өнерін жасайды. Бейнелеу сабағында сурет салады;

-Себебі еңбекке баулу мен бейнелеу өнері пәндерінің айырмашылығы көп;

-Қолөнерге арнайы, сурет салуға арнайы уақыт бөлінеді. Оқушыларды жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді;

-Қол бұйымдарын дамытуға мүмкіндік береді;

-Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсатына жету оңай;

-еңбекке баулу сабағында қол моторикасы дамиды, ал бейнелеу өнері сабағында сызу, жобалалу, өлшеу, сонымен қатар қажет түстерді таңдай алады;

-Бейнелеу өнері мен еңбекке баулу әр қайсысы әр жұмысты талап етеді;

-Бөліп оқыту тиімдірек, балаларға жеке-жеке практикалық жұмыстарды үйретуге жақсы болар еді;

- «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін бөлу ұстаздар мен оқушыларға тиімді болды. Әр пәнде негізделген оқу мақсаттарына жету жеңілдей түсті;

-Екеуі екі бөлек болғаны дұрыс, бейнелеу өнері эстетикалық білім, еңбек балаларды еңбексүйгіштікке баулиды;

-Себебі, бейнелеу өнері түрлі жанрлармен танысады, еңбекке баулуда қол өнер түрлерімен айналысады;

-Еңбекке баулу сабағында қайшымен, желіммен, түсті қағаздармен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады. Бейнелеу өнері сабағында бояулармен, түсті қарындаштармен, жай қарындашпен жұмыс істеуге үйренеді. Бейнелі қабылдау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытады және көркем өнерге баулиды;

-Екі пән бойынша берілетін білім мазмұны қысқартылуына байланысты бала сауаты төмендеді. Сарамандық жұмысқа уақыт азайғандықтан, балада машық қалыптаспады. Нәтижесінде бейнелеудің заңдылықтарын да, технологияның да негіздерін меңгермеген шала білім алған бала шықты;

-Еңбекке баулу пәнінде қима қағаздармен жұмыс жасады, бейнелеу өнері пәнінде сурет салып екі пәннің өзгешелігін түсінді;

-Бейнеленген сурет салады, еңбекке баулудан қол өнермен айналысады. Еңбекке баулу пәні еңбек ету әрекетімен баланың көркемдік талғамын қалыптастырады. Бала өз бетінше жұмыс жасау арқылы қол икемділігін дамыта отырып, ойлау қабілетін дамытады. Ал, бейнелеу өнері пәні баланың ой ұшқырлығын дамытып, өнегелі тәжірибесін дамытады. Бала қиялын сурет арқылы бейнелей алады. Сондықтан екі пәнді бөліп оқыту бала үшін де ұстаз үшін де бөліп оқыту тиімді;

-Бейнелеу өнері мен көркем еңбек пәні екі жеке пән болғаны өте тиімді, баланың ой-өрісін өсіріп, дүниетанымын дамытып, шығармашылығын шыңдайды;

-Ең бірінші себебі еңбекке баулу мен бейнелеу өнерін оқушылар мақсаттарымен шатастырмайды;

-Аты айтып тұрғандай оқушылар екі мамандыққа негізделеді. Бейнелеу өнеріне еңбекті араластырудың қажеті жоқ деп білемін;

-Оқушылар бейнелеу өнері пәнінде сурет салу жолдарын бояуларды ажыратуды қажетті құрал жабдықтарды танысып білді, үйренді. Еңбекке баулуда ермексазбен жұмыс жасайды. Әр түрлі бұйымдар жасап үйренді, өсе келе сол бұйымдарды балшықтан, шыныдан жасауға болатындығын түсінеді;

- «Бейнелеу өнері» пәнінде оқушылар қоршаған ортаны бейнелі қабылдау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытады. «Еңбекке баулу» пәнінде еңбек іс-әрекетіне дағдыландыру, әртүрлі материалдармен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастырды;

-Себебі, оқушы «Еңбекке баулу» сабағында қайшымен, желіммен, түрлі қағазбен, ермексазбен жекеленген жұмыстарды өзі жасап үйренгені дұрыс деп ойлаймын. Ал «Бейнелеу өнері» сабағында өз ойын дамыта отырып, қағаз бетіне суретін сала отырып жеткізеді;

-Оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыруда әртүрлі материалдардың рөлі мен орны ерекше, бейнелеу өнерінде олар тек қана түрлі түсті бояулармен жұмыс істеп, сол бағытқа ғана бейімделсе, еңбекке баулу сабағында олар тек ермексазбен, түрлі түсті қағазбен ғана жұмыс жасауды үйренеді. Бояумен жұмыс жасауға балады ма, жұмыс жасағымыз келеді деп ойлары бөлінбейді. Себебі біледі ол құралдармен бейнелеу өнерінде жұмыс

істейді екенін біледі. Еңбекке баулу сабағында біз ұсақ қол моторикасын дамытумен жұмыс жасаймыз, ал бейнелеу өнерінді шығармашылдығы мен ой қиялын дамытамыз;

- «Бейнелеу өнері» оқу пәнінде сурет салудың қыр-сырын үйренеді, шығармашылық жұмысының нәтижесін көрсете отырып, өз бағытын таңдайды. Бейнелеу өнерінің түрлерімен (графика, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін, дизайн, сәулет) және бейнелеу өнерінің жанрларымен (пейзаж, портрет, натюрморт т.б) техникаларымен кеңінен танысып, білімді тереңнен меңгереді;

- Бейнелеу өнерінде сурет жанры бойынша жұмыстар орындалса, ал еңбекке баулуда қол еңбегімен танысып, сол арқылы жұмыстар жүргізіледі. Еңбекке баулудың бағыты мүлдем басқа;

- Еңбекке баулу сабағы эстетикалық дүниетанымымен қатар, қол бұлшық еттерін қатайтып, ұсақ моториканың дамуына /ұсақ моторика дамыған сайын/ және сол процесс арқылы ми қыртысының жақсы жұмыс жасауы мен баланың ойлау қабілеті белсенділігін арттырады;

- Еңбекке баулу анағұрлым күрделі әрекеттерді (қию, жазу, көлемді фигураларды жасау және т.б.) қамтиды. Ол сонымен қатар әлеуметтік және күнделікті дағдыларды дамытуды қамтиды. Сондықтан бұл балалардың белгілі бір дағдыларды меңгеруі үшін, бөлек сағатты қажет етеді. Бейнелеу өнері сабағында білім алушылар өнердің жанрларымен, түрлерімен танысады. Ал еңбекке баулу сабақтарында әртүрлі материалдармен жұмыс істеудің практикалық дағдылары пысықталады. Ең дұрысы, еңбекке баулу сабағына 2 сағат берілсе өте тиімді болар еді;

- Оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыруда әртүрлі материалдардың рөлі мен орны ерекше. Осы орайда басым көпшілігі баланы дамыту, ширату, еңбекке баулу, белгілі бір бағытты таңдауға үйрету мақсатында теориядан гөрі, көп уақытты практикалық жұмыстарға бөлген маңыздырақ екенін айтады.

«Сізге «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» пәндерінің оқу мақсаттары қаншалықты түсінікті?» деген сұраққа 4483 (63,3 %) қатысушы толық түсінікті, 1211 (17,1 %) қатысушы көбі түсінікті, 1136 (16,1 %) қатысушы ішінара түсінікті, ал 150 (2,1 %) бастауыш сынып мұғалімі түсініксіз деп жауап берді.


3-сурет. «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» пәндерінің оқу мақсаттарының түсініктілігі.



Әр пәннің оқу мақсатына жету үшін оны жеке пән ретінде оқытудың тиімді екендігі анықталды.

«Еңбекке баулу» оқу бағдарламасының қай бөлімдері білім алушылар үшін қызықты болды? деген сұрақтың жауабын суреттен көруге болады.


4-сурет. «Еңбекке баулу» оқу бағдарламасының қызықты бөлімдері.



Педагогтер өз пікірлерінде келесі факторларды атап өтті: «Қолдың ұсақ моторикасын дамыту», «Балаларға қызықты»; «Қызыға жұмыс жасайды»; «Себебі бала қағаздан түрлі бұйымдар жасағанға қызығады», «Еңбекке баулуда бала қағазбен және түрлі табиғи материалдармен жұмыс жасағанды ұнатады», «Түрлі -түсті қағазбен жұмыс жасауда балалар қатты қызықты», «Балалар қолөнер жасауға қызығады», «Өз үлгісін жасау, техникалық картаны оқу мүмкіндігі», «Баланың қоршаған әлемге деген қызығушылығы мен еңбекке деген сүйіспеншілігі қалыптасып келе жатқандықтан, атап өткен салалардың барлығы ақыл-ой қабілетін дамытуға, ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді», «Жабыстыру, қию оқушылар үшін қызықты», «Қатырма қағаздан түрлі мысалы: гүлдің түрлерін, қиындылардан жануарларды құрастыру т.с.с жұмыстарды қызығушылықпен жасады», «Балалар сурет салуды және оның нәтижелерін көруді ұнатады», «Балалар үлкен қызығушылықпен табиғи материалдармен жұмыс жасайды».

Келесі «Бейнелеу өнері» оқу бағдарламасының қай бөлімдері білім алушылар үшін қызықты болды? деген сұрақтың жауабын суреттен көруге болады.

5-сурет. «Бейнелеу өнері» оқу бағдарламасының қызықты бөлімдері.



Өз жауаптарында сауалнамаға қатысушылар: «Бастауыш білім алушылары үшін өзін қоршаған әлем жұмбақ әрі қызықты», «Таныс заттарды қызыға бейнелейді», «Қоршаған ортаны салу арқылы балалар табиғатпен танысады», «1-сынып балалары әлі кішкентай, сондықтан олар сурет салуды және қоршаған әлем туралы жаңа нәрселерді білуді ұнатады», «Өздерін қоршаған ортаны танып, түсіне алады», «Оқушылар табиғат суреттерін салғанды ұнатады және сондай типтегі суреттерді салуды жиі сұрайды», «Қоршаған ортаға адамгершілікпен қарауды қалыптастыратын эстетикалық сезімдер, осының негізінде дамиды», «Қарапайым әдістер мен тәсілдерді пайдаланып, табиғи және жасанды материалдарды қолдану, айқындалған түстермен сурет салуды өте ұнатады», «Бейнелеу өнерінде жанрлармен танысып, шығармашылық жұмыстарды белсенді орындайды», «Қорыта келгенде, барлық бөлім қызықты болды», «Себебі, білім алушылар бұл оқу бағдарламасында шығармашылық өнерлерін дамытады», «Жалпы түрдегі негіздерін ғана емес, бейнелеу өнерінің түрлерімен, қоршаған әлеммен танысады» деген ойларымен бөлісті.

«Оқыту мақсаттары метакогнитивті дағдыларды қалыптастыруға бағытталған ба? Кез келген бөлімнің оқу мақсатын мысалға келтіріңіз» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың жауаптары төмендегідей болды: «1.2.3.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, материалдарды және құралдарды қолдану»; «1.2.1.1 қарапайым әдістер мен тәсілдерді пайдаланып, материалдарды (көркемдік, табиғи және жасанды) және құралдарды қолдану, эксперимент жүргізу»; «1.1.3.1 шығармашылық идеялары мен ерекшелігін (пішін, фактурасы, біріктіру тәсілі, дайындау технологиясы) салыстырып көрсету»; «1.1.2.1. Қарапайым деңгейде әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, графикалық материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау»; «1.1.2.1. Графиканың қарапайым әдістері мен тәсілдерін қолдану және тәжірибе жасау»; «1.1.3.1. Шығармашылық идеялары мен ерекшелігін салыстырып көрсету», «Салт-дәстүр және әдебиет. 1.1.2.2. Қазақ халқының қолданбалы өнерінің негізгі элементтерін (ою-өрнектері, түстер, материалдар) анықтау»; «1.1.3.1 шығармашылық идеялары мен ерекшеліктерін (пішінін, фактурасы, біріктіру тәсілі, дайындау техникасы)салыстырып көрсету»; «1.1.3.1 Нақты

материалдар мен техникалардың негізінде, өз идеялары мен сезімдерін шығармашылық деңгейде ұсыну»; «1.2.2.1 қарапайым тәсілдермен материалдарды және компоненттерді өлшеу, белгілеу, қию, формасын келтіру, жинақтау, қосу, біріктіру білім алушылардың шығармашылық қабілетін, ойлауын дамытады. Өзіндік көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді»; «4.1.1.1. Табиғатпен жасалған сәндік өрнектер (ою-өрнектер) мен формаларды анықтау және тану, оларды өз жұмыстарында интерпретациялау»; «Қарапайым және күрделі есептерді шешуге көмектесу. Мысалы, сәндік-қолданбалы өнер бөлімі. Материалдар мен құралдармен тәжірибе жасау», «Дизайн идеяларын шығармашылықпен көрсету, дизайн және модельдеу әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, идеялар мен сезімдерді білдіру», «Қарапайым әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, құралдар мен материалдарды (көркем, табиғи және жасанды) пайдалану және тәжірибе жасау», «Қарапайым кескіндеме әдіс-тәсілдерін қолданыңыз және тәжірибе жасаңыз», «Қауіпсіздік техникасын сақтап, материалдарды және құралдарды қолдану», «Қарапайым әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау», «Көркем шығармалар мен орындау материалдары тақырыбын талқылаңыздар», «Қарапайым техникалар мен кескіндеме әдістерін қолдану және тәжірибе жасау», «Қарапайым әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, кескіндеме материалдары мен құралдарын пайдалану және тәжірибе жасау», «Саяхат бөлімі, сабақ тақырыбы «Ұлттық элементтерді пайдаланып қағаздан ыдыс жасау»; шығармашылық идеялары мен ерекшелігін (пішін, фактурасы, біріктіру тәсілі, дайындау технологиясы) салыстырып көрсету».

«Оқу бағдарламасында қандай оқу мақсаттары бөлімшелердің мазмұнын ашпай тұр? Мысалмен жауабыңызды негіздеңіз» деген сұраққа «Өзім туралы» бөлімінде оқу мақсаттары тақырыптарға сәйкес келмейді. Балаға бірінші өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын үйрету керек, кем дегенде портфолио жинау керек», «Модельдеудің қарапайым әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану және тәжірибе жасау», «Менің үйім»- шырпы қорапшасы негізінде үйді модельдеу» тақырыбында модельдеу барысында қиындық туады»; «Шығармашылық жұмысын түсіндіру»; «Тарих, мәдениет және дәстүрлерді білу және түсіну», «Жануарлар әлеміне саяхат бөлімшесі», *«1-сыныпта оқитын балалар өз жұмысын жеткілікті түрде таныстыра алмайды»*, «Өнер туындылары тақырыбымен және жұмыс жасайтын материалдармен танысу бөлімшелері» деген ойларымен бөлісті.

«Оқытылатын материалдың мазмұнын нақтылауды қажет ететін бөлімшелерді атаңыз?» деген сұраққа «Мүсін», «Табиғи материалдармен жұмыс», «Материалдық түрі мен қасиетін білу және түсіну», «Ұлттық және әлем мәдениетінің әртүрлі өнер туындыларын сипаттап, өз идеяларын дамыту үшін қолдану», «Қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, оларды бейнелер мен пішіндердің көмегімен сәулет құралдары арқылы қолдану», «Материалдың атын

және қолданылу аясын анықтаңыз», «Балалардың дүниетаным шеңбері әлі де тар», «Портрет. Автопортрет салу. «Портрет» және «автопортрет» ұғымдарымен танысу. Өткен сабақта автопортрет салу бойынша меңгерген білімдерін бекіту» деп жауап берді.

«Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» оқу бағдарламаларының қай бөлімшелерінде білім алушылардың шығармашылық дағдылары қисынды және мазмұнды дамиды?» деген сұраққа сауалнама қатысушылардың көбі барлық бөлімшелерінде деп жауап берсе, ал кейбірі «Шығармашылық идеялары мен ерекшеліктерін салыстырып көрсету», «Бізді қоршаған әлем» бөлімшелерінде деп жауап берген.

«Педагогтерге арналған нұсқаулықта оқу бағдарламаларының қандай бөлімдері мен тақырыптарын толықтыру немесе қайта қарау қажет? Себебін көрсетіңіз» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 90 пайызы «Ондай кездескен жоқ, бәрі дұрыс» деп жауап берсе, ал 10 пайыз қатысушылар «Суретшілер шығармаларын енгізу», «Менің мектебім бөлімін толықтыру», «Табиғи материалдармен жұмыс», «Біз графиканы қосуымыз керек», «Қарапайым қарындашпен сурет салу, штрих түрлері», «Өз-өзіне қызмет көрсету, қарапайым түйме қадауды үйрену керек», «Техникалық үлгілеу» деп жауап берген.

«Оқу бағдарламаларының тұтастығы мен құрылымдылығын 10 балдық шкала бойынша белгілеңіз» деген сұрақтың жауабын төмендегі кестеден көруге болады.


1-кесте. Оқу бағдарламаларының тұтастығы мен құрылымдылығы.

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
|----|----|----|----|-----|-----|-----|------|------|------|
| 32 | 16 | 46 | 53 | 421 | 301 | 782 | 1653 | 1323 | 2449 |

«Оқу бағдарламаларын қарау кезінде «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» пәндерінің мазмұнына қандай ұсыныстар бере аласыздар?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылар «Шығармашылық жұмысқа тапсырма көп енгізіп, жас ерекшелігіне сай, уақытты есептеп жұмыс түрін ұсыну», «Қол моторикасын дамытуға бағыттап, қосымша ақпарат қосып, жаңартып отыру қажет», «Тақырыптар мен бөлімшелер қарапайым түсінікті тілде түсіндірілсе», «Шығармашылық жұмыс үшін арнайы жұмыс дәптер арналып, өзінің және басқалардың жұмысына қарапайым талдау жасалса, оқушыға қызықты болады», «Балалардың қиялынан туған туындыларды, жаңа идеяларды жарыққа шығару мақсатында көбірек мүсіндеу, құрастыру, суретті бояу сабақтары толықтырылғаны дұрыс» деген ойларымен бөлісті.


«Оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылар «Бейнелеу өнері» оқу бағдарламасынан қандай пәндік нәтижелерге қол жеткізді?» деген сұрақтың жауабын төмендегі суреттен көруге болады.

6- сурет. «Бейнелеу өнері» оқу бағдарламасынан қол жеткізген пәндік нәтижелер



«Оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылар «Еңбекке баулу» оқу бағдарламасынан қандай пәндік нәтижелерге қол жеткізді?» деген сұрақтың да жауабын төмендегі суреттен көруге болады.

7- сурет. «Еңбекке баулу» оқу бағдарламасынан қол жеткізген пәндік нәтижелер



Әр өңірдің жауабын ортаға салып, қорытындылайтын болсақ, **«Көркем еңбек» оқу пәнін жеке-жеке «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» оқу пәндеріне бөліп оқыту** мұғалім үшін де, білім алушы үшін де тиімді екенін көрсетті.

«Еңбекке баулу» оқу бағдарламасының барлық бөлімдері білім алушылар үшін қызықты. Десек те, «Табиғи материалдармен жұмыс», «Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс жасау» бөлімдері балаларды ерекше қызықтыратын айта кетуге

болады. Бұл бөлімдер баланың қызушылығын оятып қана қоймай, баланың ұсақ моторикасының дамуына қосатын үлесі зор екенін дәлелдейді.

«Бейнелеу өнері» оқу бағдарламасының барлық бөлімдері қызықты. Бірақ, сауалнамаға қатысушылар «*Бізді қоршаған әлем*» және «*Шығармашылық*» бөлімдері қызықты деп өз ойларымен бөліскен. Бастауыш сынып білім алушылары үшін, өзін қоршаған әлем жұмбақ әрі қызықты. Қоршаған ортаға адамгершілікпен қарауды қалыптастыратын эстетикалық сезімдер, осы пәндердің негізінде дамиды. Қарапайым әдіс-тәсілдерді пайдаланып, табиғи және жасанды материалдарды қолданып, айқындалған түстермен сурет салуға баулиды.

Оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылар «Бейнелеу өнері» оқу бағдарламасынан төмендегі пәндік нәтижелерге қол жеткізді:

- қоршаған әлемге деген көзқарасын шығармашылық жұмыстар арқылы білдіруі;

- бейнелеу өнерінің түрлерімен (графика, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін, дизайн, сәулет) және бейнелеу өнерінің жанрларымен (пейзаж, портрет, натюрморт, анималистік жанр және т. б.) танысу;

- адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру; адамгершілік сезімге тәрбиелеу, Қазақстан халқының мәдениеті мен басқа елдердің мәдениетін құрметтеу;

- әртүрлі материалдармен жұмыс жасаудың көркемдік дағдылары мен әр түрлі бейнелеу техникаларын игеру;

- балаларда сезімдік-эмоционалдық көріністердің (зейін, есте сақтау, қиялдау) қабілеттерін дамыту;

- ұсақ моториканы, логикалық ойлауды, ойлаудың дербестігін және идеяларды іске асыруды дамыту.

Ал «Еңбекке баулу» оқу бағдарламасынан төмендегі пәндік нәтижелерге қол жеткізді:

- әртүрлі ақпарат түрлерін (іздеу, жинау, сұрыптау) бағдарлау қабілетін дамытуға ықпал жасайтын, әртүрлі танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы міндеттерді өздігінен шешу тәжірибелерін қалыптастыру;

- әртүрлі материалдар мен құралдарды қолдану арқылы кеңістіктік-образдық ойлау дағдыларын қалыптастыру;

- жеке, топтық және ұжымдық жұмыстарды орындау процесінде, қолдың моторикасын, сенсорикалық, қиялдауы мен шығармашылығын, елестете білуін және қабылдауын дамыту;

- ұлттық және әлемдік материалдық мәдениет, өнер туындыларымен танысу арқылы құндылық бағдарларын қалыптастыру;

Бұл сауалнаманың түйіні: «Баланы дамыту, ширату, еңбекке баулу, адамгершілік, адами қасиеттерін қалыптастыру, белгілі бір бағытты таңдауға үйрету мақсатында теориядан гөрі, көп уақытты практикалық жұмыстарға бөлінгені дұрыс» екенін білдіреді.

2023-2024 оқу жылынан бастап 1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері қолданысқа берілді.

Оқу пәндерін апробация және мониторинг жасау үшін технологиялық карталар әзірленді.

Бастауыш білім берудің «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» үлгілік оқу бағдарламаларын сынақтан өткізу барысында «Пән мұғалімдеріне арналған нұсқаулық», «Технологиялық карталар», «Сауалнама», «Академия қызметкерлеріне арналған нұсқаулық» әзірленеді. Нұсқаулықтарда Бастауыш білім беру үлгілік оқу бағдарламасына апробацияны өткізу кезінде үлгілік оқу бағдарламасының тиімділігін анықтау үшін берілген технологиямен жұмыс жасау әдісі берілген. Толтырылған «Технологиялық карталар», «Сауалнама» арқылы Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларының тиімділігі анықталады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының қызметкерлері апробация нәтижелеріне талдау жасады, сондай-ақ жиналған мәліметтерді модерациялады, қорытындыларды жинақтау негізінде есептер дайындады, оқу бағдарламаларының тиімділігін жетілдіру бойынша түзетулер енгізу үшін мұғалімдердің ұсыныстары бойынша жиынтық жасалынды.

Бастауыш білім беру үлгілік оқу бағдарламасына апробацияны өткізу нәтижелерін оқу бағдарламаларын әзірлеуші топтарда талданды.

Үлгілік оқу бағдарламаларын сынақтан өткізуге қатысушылардың жұмыстары негізделіп, нәтижесінде бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеуші топтарға ұсынымдама берілді.

Апробация қорытындылары:

- білім беру процесін;
- оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын;
- критериалды бағалау жүйесін;
- мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларына өзекті мәселелерін кіріктіруді;
- білім берудің жаңа стандарттарына көшу жағдайында мектеп басқаруын жетілдіру мақсатында ұсыныстарды негіздеу үшін пайдаланылатын болады.

Пән мұғалімдеріне арналған нұсқаулық

Апробация өтетін мектептің эксперименттік сыныптардағы пән мұғалімдері «Пән мұғалімдеріне арналған нұсқаулыққа» сәйкес педагогтер үлгілік оқу бағдарламасын сынақтан өткізеді.

Оқу бағдарламаларын білім беру жүйесіне енгізу тиімділігін тәжірибеде тексереді. Бағдарламалардың білім алушыға қолжетімділігін яғни тиімділігін, оңтайлығын, қолайлылығын, түсініктілігін, үлгілік оқу бағдарламаларының МЖББС-ның негізгі ережелеріне сәйкестік дәрежесін анықтайды.

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларының оқу мақсаттарының анықтығын, күрделілігін, бір сыныптағы және әр тоқсандағы оқу

мақсаттары мөлшерінің оңтайлылығын, оқу мақсаттарының өлшемділігін нақтылайды.

Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларының білім беру мазмұны компоненттерінің бірізділігі мен сабақтастығын, осы бағдарламаны білім алушылардың білім беру процесіне қабылдауы, қызығушылығы, белсенділігі ескеріледі.

Апробация өткізетін мектептің пән мұғалімі оқу бағдарламасымен сабақ өткізеді, нәтижесін онлайн-платформаға енгізеді.

Технологиялық картаны толтырады және апробация бойынша бастапқы мәліметтердің шынайылығына және құпиялылығына жауап береді.

1-2-сыныптарда енгізілген «Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша мониторингтің технологиялық карталар нәтижесі


Технологиялық карталардың әрқайсысының өзіндік функциясы бар. Технологиялық карталарды көрсетілген мерзімде кестеге сәйкес пән мұғалімдері және директор орынбасарлары толтыру керек.

1-2-сыныптарда енгізілген «Бейнелеу өнері» оқу пәнін оқыту бойынша сауалнама қорытындысы

«Бейнелеу өнері» оқу пәнін оқытудағы мұғалімдердің қиындықтарын анықтауға және оны мектептерге енгізу мәселелерін анықтау барысында әр облыс пен 3 қаладан 4 педагогтан таңдалып алынды.


Білім деңгейі бойынша қатысқан педагогтердің 82,9 пайызы жоғары білімі, 14,7 пайызы арнайы орта кәсіптік білімі және 2,4 пайызының білімі жоғарыдан кейінгі екенін 1 суреттен көруге болады.

1-сурет. Педагогтердің білім деңгейлері




Мониторингке қатысқан педагогтердің көбі орта жастағы мұғалімдер екен. Педагогтердің жастары туралы мәліметті 2-суреттен көруге болады.

2-сурет. Педагогтердің жасы




Мониторингке қатысқан еңбек өтілі бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің контингентін зерттеу келесідей нәтиже көрсетті. Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі 34,4% - 6-15 жылдық тәжірибесі бар, 25,1 % - 16-25 жылдық тәжірибесі бар, 24,5% - 26 және одан жоғары тәжірибесі бар педагогтер және 15,9% - 1-5 жылдық тәжірибесі бар жас мамандар екенін 3-суреттен көруге болады.

3-сурет. Педагогикалық өтілі



Мониторингке қатысқан педагогтердің біліктілік санаты бойынша талдау жасасақ, қатысқан педагогтердің 1,4 пайызы педагог-шебер, 24 пайызы педагог-зерттеуші, 27,2 пайызы педагог-сарапшы, 28,7 пайызы педагог-модератор, 18,8 пайызы педагог дәрежесінде екенін көрсетті. Біліктілік санаты туралы мәліметті 4-суреттен көруге болады.

4-сурет. Біліктілік санаттары бойынша талдау.



«Бейнелеу өнері» пәні білім алушылар үшін қаншалықты қызықты екенін келесі сауалнама жауаптары арқылы білуге болады. Оның себебін педагогтер өз жауаптарында былай белгілейді:


- бағдарлама оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай және қызықты пән;
- оқушылар қол-өнеріне сурет салуға қызығады;
- сурет салу ұнайды оқушыларға сонымен қатар әдемілікке, үйлесімділікке тәрбиелейді;
- түстерді ажырату, айналамен танысу, өмірмен байланыстыру, пәнаралық байланыс;
- бастауыш сынып оқушыларының сүйікті пәні;
- қиындық туғызбайды;
- балаларға өте қызықты;
- балаларды шығармашылықпен айналысқанды ұнатады;
- балаларға сурет салу ұнайды;
- оқушы басқа пәнге қарағанда өз еркімен жұмыс жасайды, еркін сезінеді, шығармашылығы дамиды; «Бейнелеу өнері» сабағында оқушылар түрлі бұйымдармен, жасанды, табиғи заттармен жұмыс жасағанды ұнатады;
- оқушыларға өз қиялдарымен еркін жұмыс жасаған ұнайды;
- балалардың моторикасын дамытады;
- өз қолдарымен түрлі заттар жасап үйренеді;
- балалардың сурет салуға қызушылығы жоғары;
- бала тек сурет салып қоймайды, мүсіндеуді, дизайн жасауды, модельдеуді де үйренеді;
- оқушылардың ой қиялын дамытады және т.с.с.

Негізгі бөлімде берілген сауалнама мазмұны 8 сұрақты қамтиды. Сұрақтардың жауаптары талданып, пайыздық көрсеткіштер бойынша келесідей қорытындылар жасалды.

1. «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің мазмұнын бағалау үшін тұжырымдарды балдық шкала бойынша бағалау ұсынылған.

«Бейнелеу өнері» оқу пәні менің оқушыларымның көпшілігі үшін қызықты деп 91,6 пайызы жауап берсе, 7,7 пайызы ішінара қызықты деген жауаптарды көрсеткен.


5-сурет. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын (2 балл – толық келісемін, 1 балл – ішінара келісемін, 0 балл – келіспеймін) талдау.



«Оқу бағдарламасы менің оқушыларымның көпшілігінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді (2 балл – толық келісемін, 1 балл – ішінара келісемін, 0 балл – келіспеймін)» деген сұраққа педагогтердің көпшілігі, яғни


73,8 пайызы білім алушылардың жас ерекшелігіне сай екенін атап көрсеткен. Оның жауабын 6-суреттен көруге болады.

6-сурет. Бағдарламаның жас ерекшелігіне сай екендігін талдау.




Мониторингке қатысқан педагогтердің 73,3 пайызы оқу бағдарламаларында берілген оқу мақсаттарына қол жеткізуге болады десе, 25,9 пайызы кей оқу мақсаттарына қол жеткізу қиындық тудыратын, 0,7 пайызы бағдарламаның бала жасына сәл қиын екенін айтады. Жауапты 7-суреттен көруге болады.

7-сурет. Оқу мақсаттарына қол жеткізуге болатындығын (2 балл – толық келісемін, 1 балл – ішінара келісемін, 0 балл – келіспеймін) талдау.




«Пәннің мазмұны үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген дағдылар мен құндылықтарды дамытуға ықпал етеді (2 балл – толық келісемін, 1 балл – ішінара келісемін, 0 балл – келіспеймін)» деген сұраққа педагогтердің 80,1 пайызы толық ықпал етеді деп жауап берсе, 18,9 пайызы ішінара ықпал етеді деп, 0,9 пайыз ықпал етпейді деп жауап берген. Ықпал етпейді деп жауап берген педагогтер өз жауаптарын бала деңгейі әртүрлі екенін алға тартады. Педагогтердің жауабын 8-суреттен көруге болады.

8-сурет. Пәннің мазмұны үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген дағдылар мен құндылықтарды дамытуға ықпал етуін талдау.




«Ұзақ мерзімді жоспар нақты құрылымдалған, бұл менің сабақтарымды бір жылға оңай жоспарлауға мүмкіндік береді» деген тұжырыммен мониторингке қатысқан педагогтердің 78,7 пайызы келісетінін, 20,3 пайыз педагог ішінара келісетінін, ал 1 пайызы педагог ұзақ мерзімді жоспардың нақты құрылмағанын, оның сабақтарды жоспарлауға көмегінің тимегенін айтады. Осы сұрақтың жауабын 9-суреттен көруге болады.

9-сурет. Ұзақ мерзімді жоспар нақты құрылымдалған (2 балл – толық келісемін, 1 балл – ішінара келісемін, 0 балл – келіспеймін) талдау.




Пән бойынша қысқа мерзімді жоспарлауда 74,1 пайыз педагог қиналмайтын, 25 пайызы қиындық туғызатынын, 0,8 пайызы қиналатынын алға тартады. Оның жауабын 10-суреттен көруге болады.

10-сурет. Қысқа мерзімді жоспарды жоспарлау туралы.



Мониторингке қатысқан педагогтердің 68,9 пайызы мұғалімге ұсынылған ресурстарды оңай табатынын, 29,3 пайызы ұсынылған ресурстарды табу барысында ішінара қиналатынын, ал 1,7 пайыз педагог ұсынылған ресурстарды таба алмағандықтарын алға тартады. Педагогтердің жауабын 11-суреттен көруге болады.

11-сурет. Нұсқаулықта ұсынылған ресурстардың қолжетімділігі (2 балл – толық келісемін, 1 балл – ішінара келісемін, 0 балл – келіспеймін) туралы



«Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша сауалнама оқу пәнін нәтижелі енгізуге ықпал ететін және кедергі келтіретін факторларды анықтау үшін деректер жинау мақсатында өткізіліп, жауаптар арқылы «Бейнелеу өнері» оқу пәнін оқытудағы мұғалімдердің қиындықтарын анықтауға және оны мектептерге енгізу мәселелерін анықтауға көмектесті. Оқу пәнінің бағдарламалары мен нұсқаулықтарын жетілдіру үшін педагогтердің пікірі мен ұсыныстары назарға алынды.

1-кесте. «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің мазмұны бойынша пайыздық көрсеткіштер

| Тұжырым | 2 | 1 | 0 |
|--|-------|-------|------|
| «Бейнелеу өнері» оқу пәні менің оқушыларымның көпшілігі үшін қызықты | 91,6% | 7,7% | 0,7% |
| Оқу бағдарламасы менің оқушыларымның көпшілігінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді | 73,8% | 24,6% | 1,6% |
| Барлық оқу мақсаттарына қол жеткізуге болады | 73,3% | 25,9% | 0,7% |
| Пәннің мазмұны үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген дағдылар мен құндылықтарды дамытуға ықпал етеді | 80,1% | 18,9% | 0,9% |
| Ұзақ мерзімді жоспар нақты құрылымдалған, бұл менің сабақтарымды бір жылға оңай жоспарлауға мүмкіндік береді | 78,7% | 20,3% | 1% |
| Мен пән бойынша қысқа мерзімді жоспарларды оңай жасаймын | 74,1% | 25% | 0,9% |
| Мен мұғалімге арналған нұсқаулықта ұсынылған ресурстарды оңай табамын | 68,9% | 29,3% | 1,7% |

2. Сіз оқу процесінде «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың барлық түрлерін (шығармашылық жұмыстар, ойындар, зерттеу және т.с.с.) қолдана алдыңыз ба? (сіз оқытатын сыныптар бойынша мәліметтерді көрсетіңіз) сауалы бойынша педагогтердің 35,1 пайызы 100 пайыз қолданғанын айтса, ал 60,2 пайызы 50-70 пайыз қолданғанын, 4,7 пайыз педагог 50 пайыздан


төмен қолданғанын айтады. Педагогтердің жауаптары 12-суреттен көрініс тапқан.

12-сурет. Іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері туралы




3. «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің мазмұнына білім алушылардың қанағаттануы мен қызығушылығын қалай бағалайсыз? (сіз оқытатын сыныптар бойынша мәліметтерді көрсетіңіз) сауалы бойынша педагогтердің 67,7 пайызы жоғары, 31,8 пайызы орташа, ал 0,5 пайыз төмен бағалайтынын көрсеткен.

13-сурет. Пәннің мазмұнына білім алушылардың қанағаттануы мен қызығушылығын бағалау.



4. Сіздің ойыңызша, осы пәннің оқу нәтижелері қаншалықты қол жетімді? (сіз оқытатын сыныптар бойынша мәліметтерді көрсетіңіз) сұрағы бойынша мониторингке қатысқан педагогтердің 62 пайызы пәннің оқу нәтижелері толық қол жетімді десе, 37 пайызы пәннің оқу нәтижелері ішінара қол жетімді деп, ал 1 пайызы қол жетімсіз деп жауап берген.

14-сурет. Пәннің оқу нәтижелерінің қол жетімділігі туралы




5. Оқу бағдарламасы келесі дағдылар мен құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ете ме? сауалы бойынша нәтижелерді төмендегі кестеден көруге болады.

2-кесте. «Бейнелеу өнері» оқу бағдарламасы келесі дағдылар мен құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етуі туралы

| | толық ықпал етеді | ішінара ықпал етеді | ықпал етпейді |
|--|-------------------|---------------------|---------------|
| мінез-құлық мәдениеті | 69,9% | 29,3% | 0,8% |
| азаматтық ұстаным | 70,1% | 28,7% | 1,2% |
| әлеуметтік жауапкершілік | 68,2% | 30,6% | 1,2% |
| басқаларға құрметпен қарау | 79,2% | 19,9% | 0,9% |
| салауатты өмір салты және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары | 78,3% | 20,5% | 1,2% |
| сыни және шығармашылық ойлау дағдылары | 73,5% | 25,7% | 0,8% |
| алған білімдерін өмірде қолдану дағдылары | 73,2% | 26,2% | 0,6% |
| зерттеу, жобалау, волонтерлік жұмыс дағдылары | 60% | 38,6% | 1,5% |


6. Оқу пәнінің мазмұнын таңдау және құрастыру кезінде сіз нені басшылыққа аласыз? (сіз оқытатын сыныптар туралы мәліметтерді көрсетіңіз) деген сұраққа 58,7 пайыз педагогтер әдістемелік нұсқаулықты, 38,2 пайызы интернет-ресурстары мен жеке педагогикалық тәжірибелерін, 3 пайызы біліктілікті арттыру курсына алынған ресурстарды басшылыққа алатынын айтқан.

15-сурет. Оқу пәнінің мазмұнын таңдау және құрастыру кезінде басшылыққа алынатын ресурс туралы




7. ОМЖ-ларда (пән бойынша мұғалімге арналған нұсқаулықта берілген) ұсынылған теориялық және тәжірибеге бағытталған тапсырмалардың теңгерімін бағалаңыз (сіз оқытатын сыныптар бойынша мәліметтерді көрсетіңіз) деген сұраққа 57,6 пайыз теңдестірілген деп, 39 пайыз ішінара теңдестірілген деп, 1,6 теңдестірілмеген деп жауап берді.

16-сурет. Теориялық және тәжірибеге бағытталған тапсырмалардың теңгерімін бағалау



8. «Осы пәннің мұғалімдеріне арналған нұсқаулықтың сапасын бағалаңыз» деген сұраққа 78,3 пайыз педагогтер қолдануға болады деп жауап берсе, 21,7 пайыз педагог жетілдіру қажет деп жауап берген.

17-сурет. Осы пәннің мұғалімдеріне арналған нұсқаулықтың сапасын бағалау



«Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша білім алушыларда қиындық тудырған оқу мақсаттарын анықтау

Педагогтерге бөлімдер бойынша оқытылатын «Бейнелеу өнері» пәнінің бөлімдер бойынша тақырыптардың тізімі берілген. Осы пәнді оқытатын сыныптардағы барлық бөлімдер бойынша бағандарды толтыру ұсынылды.

«Қиындықтар туындады» бағанында білім алушыларда меңгеруде қиындық туғызған мақсаттарды «+» белгісімен белгілеу, егер бұл оқу мақсаттары білім алушыларда қиындық тудырмаса, онда «қиындықтар тудырды» бағанын ешқандай жазбаларсыз және белгілерсіз қалдыру сұралды.

«Проблемалар» бағанында келесі себептердің бірін немесе бірнешеуін нөмірмен көрсету ұсынылған: 1) оқушылардың кері реакциясын тудыратын қате оқу мақсаты 2) жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін күрделі оқу мақсаттары, 3) іске асыру үшін ресурстардың жетіспеушілігі. Егер педагог басқа себептерді көрсеткісі келсе, кестенің соңында жазба ретінде өте нақты және қысқаша тұжырымдау ұсынылды

«Тақырып сәйкес емес» бағанында педагог бөлімге сәйкес келмейтін оқу мақсаттарын «+» белгісімен белгіледі. Егер педагог аталған оқу мақсаттары сәйкес деп санаса, бағанды ешқандай белгілерсіз қалдыру ұсынылды.

1-сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» оқу бағдарламасының мазмұнында

берілген «Бейнелеу сауаттылығы негіздері» бөлімі, «Бейнелеу өнері әлемі» бөлімі, «Бізді қоршаған әлем» бөлімі және «Шығармашылық» бөлім бойынша мониторинг картасы келесі нәтижелерді көрсетті.

3-кесте. «Бейнелеу сауаттылығы негіздері» бөлімі бойынша 74-81% қатысушылар оқу мақсаттарының қиындық туғызбайтынын, 14-20%-ы ішінара қиындық туғызатынын, 3,9-5 % -ы оқу мақсаттарының сәйкессіздігін көрсеткен.

| Тақырып | Қиындық туғызды | Қиындық туғызбады | Оқу мақсаты сәйкес емес |
|--|-----------------|-------------------|-------------------------|
| 1.1 Өнер туындыларын қабылдау | | | |
| 1.1.1.1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениетінің түрлі өнер туындыларын эмоционалды қабылдау | 20,9% | 74,1% | 5% |
| 1.2 Графика | | | |
| 1.1.2.1 базалық деңгейде техникалар мен тәсілдерді пайдалана отырып, графикалық материалдар мен құралдарды қолдану | 20,9% | 74,5% | 4,1% |
| 1.1.2.2 базалық деңгейде графика техникалары мен тәсілдерін қолдану | 21,6% | 73,8% | 4,6% |
| 1.3 Кескіндеме | | | |
| 1.1.3.1 базалық тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, кескіндеме материалдары мен құралдарын қолдану | 18,5% | 76,4% | 5,1% |
| 1.1.3.2 кескіндеменің қарапайым тәсілдері мен техникасын қолдану | 14% | 81,7% | 4,3% |
| 1.4 Мүсін | | | |
| 1.1.4.1 базалық тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, мүсіндеу материалдары мен құралдарын қолдану | 17,4% | 78,4% | 4,2% |
| 1.5 Сәндік-қолданбалы өнер | | | |
| 1.1.5.1 базалық тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын қолдану | 16,7% | 79,4% | 3,9% |
| 1.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу) | | | |
| 1.1.6.1 базалық құрылымдық техникалар мен тәсілдерді қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану | 16,6% | 78,4% | 5% |
| 1.1.6.2 модельдеудің қарапайым техникалары мен тәсілдерін қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану | 16,2% | 79,8% | 4% |

4-кесте. «Бейнелеу өнері әлемі» бөлімі бойынша 76-84% қатысушылар оқу мақсаттарының қиындық туғызбайтынын, 11-19,7%-ы ішінара қиындық туғызатынын, 3,8-4,9%-ы оқу мақсаттарының сәйкессіздігін көрсеткен.

| Тақырып | Қиындықтар туғызды | Қиындық туғызбады | Оқу мақсаты сәйкес емес |
|---------|--------------------|-------------------|-------------------------|
|---------|--------------------|-------------------|-------------------------|

| | | | |
|---|-------|-------|------|
| 2.1 Өнер туындыларын қабылдау | | | |
| 1.2.1.1 өнер туындыларының тақырыбын және жұмысты орындау материалдарымен танысу. | 11,4% | 84,8% | 3,8% |
| 2.2 Графика | | | |
| 1.2.2.1 графика түрлері мен жұмыстың орындалу техникасын білу | 14,7% | 80,8% | 4,5% |
| 2.3 Кескіндеме | | | |
| 1.2.3.1 кескіндеме түрлері мен жұмыстың орындалу техникасын білу | 13,4% | 82,2% | 4,4% |
| 2.4 Мүсін | | | |
| 1.2.4.1 мүсін түрлері мен жұмыстың орындалу техникасын білу | 17,1% | 78,7% | 4,2% |
| 2.5 Сәндік-қолданбалы өнер | | | |
| 1.2.5.1 сәндік-қолданбалы өнер түрлері мен жұмыстың кейбір базалық орындалу техникасын білу | 13,5% | 82,4% | 4,1% |
| 1.2.5.2 «Табиғи пішіндер» ұғымын және жұмысты орындаудың кейбір қарапайым әдістерін білу | 11% | 85,4% | 4,6 |
| 2.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу) | | | |
| 1.2.6.1 жұмысты орындау үшін дизайн түрлерімен және базалық құрылымдау және модельдеу техникасымен танысу | 16,6% | 79,7% | 3,7% |
| 1.2.6.2 жұмысты орындау үшін сәулет стильдерімен және кейбір құрылымдау және модельдеудің қарапайым техникасымен танысу | 19,7% | 76,4% | 4,9% |

5-кесте. «Бізді қоршаған әлем» бөлімі бойынша 81,1-84,9% қатысушылар оқу мақсаттарының қиындық туғызбайтынын, 10,4-14,9%-ы ішінара қиындық туғызатынын, 3,4-4,5% -ы оқу мақсаттарының сәйкессіздігін көрсеткен.

| Тақырып | Қиындықтар туғызды | Қиындық туғызбады | Оқу мақсаты сәйкес емес |
|--|--------------------|-------------------|-------------------------|
| 3.2 Графика | | | |
| 1.3.2.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру | 11,9% | 84,7% | 3,4% |
| 3.3 Кескіндеме | | | |
| 1.3.3.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру | 11,3% | 84,9% | 3,8% |
| 1.3.3.2 қоршаған әлемді бақылау және есте сақтау арқылы бейнелеу тәсілдерінің кейбір ерекшеліктерін білу, кескіндеме құралдары | 12% | 84,4% | 3,6% |

| | | | |
|--|-------|-------|------|
| арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру | | | |
| 3.4 Мүсін | | | |
| 1.3.4.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, мүсіндеу құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру | 10,4% | 86,1% | 4,5% |
| 3.5 Сәндік-қолданбалы өнер | | | |
| 1.3.5.1 қоршаған әлемнің ерекшеліктерін жеткізу үшін сәндік-қолданбалы өнер құралдарымен танысу | 10,6% | 85,3% | 4,1% |
| 1.3.5.2 Сәндік - қолданбалы өнердің «Жалпылау» ұғымын білу | 12,9% | 83% | 4,1% |
| 3.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу) | | | |
| 1.3.6.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, дизайн құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру | 14,6% | 81,4% | 4% |
| 1.3.6.2 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу, сәулет құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру | 14,9% | 81,1% | 4% |

6-кесте. «Шығармашылық» бөлімі бойынша 79-82% қатысушылар оқу мақсаттарының қиындық туғызбайтынын, 13,5-19,7%-ы аралығы ішінара қиындық туғызатынын, 3,8-5 % -ы оқу мақсаттарының сәйкессіздігін көрсеткен.

| Тақырып | Қиындықтар туғызды | Қиындық туғызбады | Оқу мақсаты сәйкес емес |
|---|--------------------|-------------------|-------------------------|
| 4.2 Графика | | | |
| 1.4.2.1 графикалық тәсілдер мен техниканың көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру | 16,6% | 79% | 4,4% |
| 1.4.2.2 графикалық жұмысты таныстырудың әртүрлі мүмкіндіктерімен танысу | 14,3% | 81,4% | 4,3% |
| 4.3 Кескіндеме | | | |
| 1.4.3.1 кескіндемелік тәсілдер мен техниканың көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру | 16,4% | 79,1% | 4,5% |
| 1.4.3.2 кескіндемелік жұмысты таныстырудың әртүрлі мүмкіндіктерімен танысу | 14,7% | 81,3% | 4% |
| 4.4 Мүсін | | | |
| 1.4.4.1 мүсіндік тәсілдер мен техниканың көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру | 13,5% | 82% | 4,5% |
| 4.5 Сәндік-қолданбалы өнер | | | |
| 1.4.5.1 сәндік-қолданбалы өнер тәсілдер мен | 14,7% | 81,5% | 3,8% |

| | | | |
|---|-------|-------|------|
| техниканың көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру | | | |
| 4.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу) | | | |
| 1.4.6.1 дизайн идеяларын шығармашылықпен ұсыну, идеялар мен сезімдерді құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникасы арқылы білдіру | 19,4% | 76,1% | 4,5% |
| 1.4.6.2 сәулет идеяларын шығармашылықпен ұсыну, идеялар мен сезімдерді құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникасы арқылы білдіру | 19,7% | 75,3% | 5% |

2-сыныпқа арналған «Бейнелеу өнері» оқу бағдарламасының мазмұнында берілген «Бейнелеу сауаттылығы негіздері» бөлімі, «Бейнелеу өнері әлемі» бөлімі, «Бізді қоршаған әлем» бөлімі және «Шығармашылық» бөлім бойынша мониторинг картасы келесі нәтижелерді көрсетті.

7-кесте. «Бейнелеу сауаттылығы негіздері» бөлімі бойынша 80,1-85,7% қатысушылар оқу мақсаттарының қиындық туғызбайтынын, 9,1-14%-ы ішінара қиындық туғызатынын, 5,2-6,1% -ы оқу мақсаттарының сәйкессіздігін көрсеткен.

| Тақырып | Қиындық туғызды | Қиындық туғызбады | Оқу мақсаты сәйкес емес |
|---|-----------------|-------------------|-------------------------|
| 1.1 Өнер туындыларын қабылдау | | | |
| 2.1.1.1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениетінің түрлі өнер туындыларымен танысу | 9,1% | 85,7% | 5,2% |
| 1.2 Графика | | | |
| 2.1.2.1 әр түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, графикалық материалдар мен құралдарды қолдану | 12,9% | 82% | 5,1% |
| 2.1.2.2 шығармашылық жұмыста графиканың әртүрлі тәсілдері мен техникаларын қолдану | 12,9% | 81,5% | 5,6% |
| 1.3 Кескіндеме | | | |
| 2.1.3.1 әр түрлі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, кескіндеме материалдары мен құралдарын қолдану | 12% | 82,5% | 5,5% |
| 2.1.3.2 кескіндеменің әртүрлі тәсілдері мен техникасын шығармашылық жұмыста қолдану | 12,6% | 82,2% | 5,2% |
| 1.4 Мүсін | | | |
| 2.1.4.1 әртүрлі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, мүсіндеу материалдары мен құралдарын қолдану | 11,8% | 82,1% | 6,1% |
| 1.5 Сәндік-қолданбалы өнер | | | |
| 2.1.5.1 әртүрлі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын қолдану | 13,8% | 80,4% | 5,8% |
| 1.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу) | | | |

| | | | |
|--|-------|-------|------|
| 2.1.6.1 әртүрлі құрылымдық техникалар мен тәсілдерді қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану | 13,6% | 80,1% | 6,3% |
| 2.1.6.2 модельдеудің әртүрлі техникалары мен тәсілдерін қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану | 14% | 80,4% | 5,6% |

8-кесте. «Бейнелеу өнері әлемі» бөлімі бойынша 78-84,1% қатысушылар оқу мақсаттарының қиындық туғызбайтынын, 10-15%-ы ішінара қиындық туғызатынын, 5,8-6,6 % -ы оқу мақсаттарының сәйкессіздігін көрсеткен.

| Тақырып | Қиындықтар туғызды | Қиындық туғызбады | Оқу мақсаты сәйкес емес |
|--|--------------------|-------------------|-------------------------|
| 2.1 Өнер туындыларын қабылдау | | | |
| 2.2.1.1 өнер туындыларының тақырыптарын және осы жұмыстарды орындау материалдарын талқылау | 12,5% | 81,5% | 6% |
| 2.2 Графика | | | |
| 2.2.2.1 графика түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу | 13,6% | 80,8% | 5,6% |
| 2.3 Кескіндеме | | | |
| 2.2.3.1 кескіндеме түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу | 12,9% | 80,6% | 6,5% |
| 2.4 Мүсін | | | |
| 2.2.4.1 мүсін түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу | 13,5% | 80,6% | 5,9% |
| 2.5 Сәндік-қолданбалы өнер | | | |
| 2.2.5.1 сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің көркемдік мәнерлілігінің негізгі құралдарын және жұмысты орындау техникасын білу | 12% | 81,8% | 6,2% |
| 2.2.5.2 сәндік-қолданбалы өнердегі «Табиғи пішіндер» ұғымын және жұмысты орындаудың кейбір әдістерін білу | 10,1% | 84,1% | 5,8% |
| 2.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу) | | | |
| 2.2.6.1 құрылымдау мен модельдеуде негізгі дизайн түрлері мен техникасын білу | 15,4% | 78% | 6,6% |
| 2.2.6.2 құрылымдау мен модельдеуде қарапайым сәулет формалары мен техникасын білу | 15% | 78,9% | 6,1% |

9-кесте. «Бізді қоршаған әлем» бөлімі бойынша 80,5-84,6% қатысушылар оқу мақсаттарының қиындық туғызбайтынын, 10-11,9%-ы ішінара қиындық туғызатынын, 4,4-6,7 % -ы оқу мақсаттарының сәйкессіздігін көрсеткен.

| Тақырып | Қиындықтар туғызды | Қиындық туғызбады | Оқу мақсаты сәйкес емес |
|--|--------------------|-------------------|-------------------------|
| 3.2 Графика | | | |
| 2.3.2.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және талдау, графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (сызық, пішін, фактура және т. б.) білдіру | 11,8% | 82,8% | 5,4% |
| 2.3.2.2 «Бақылау арқылы сурет салу» және «Есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын білу және талдау, графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (сызық, пішін, фактура және т. б.) білдіру | 10% | 84,6% | 4,4% |
| 3.3 Кескіндеме | | | |
| 2.3.3.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және талдау, кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (түс, дақ, фактура және т.б.) білдіру | 11,9% | 82,4% | 4,7% |
| 2.3.3.2 «Бақылау арқылы сурет салу» және «есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын білу және кескіндеме құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (түс, дақ, текстура және т. б.) білдіру | 10,5% | 83,9% | 5,6% |
| 3.4 Мүсін | | | |
| 2.3.4.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін түсіну, мүсіндеу құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (көлемі, пішіні, фактура және т. б.) білдіру | 10,5% | 83,7% | 4,2% |
| 3.5 Сәндік-қолданбалы өнер | | | |
| 2.3.5.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және талдау, сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру | 11,4% | 82,6% | 6% |
| 2.3.5.2 «Жалпылау» ұғымын және оны бейнелер мен пішіндердің көмегімен сәндік-қолданбалы өнер құралдары арқылы білдіру мүмкіндігін білу | 13,1% | 80,5% | 6,4% |
| 3.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу) | | | |
| 2.3.6.1 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және сипаттау, дизайн құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру. | 11,8% | 81,5% | 6,7% |
| 2.3.6.2 қоршаған әлемнің кейбір ерекшеліктерін білу және сипаттау, сәулет құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру | 11,4% | 82,5% | 6,1% |

10-кесте. «Шығармашылық» бөлімі бойынша 76,7-81,5% қатысушылар

оқу мақсаттарының қиындық туғызбайтынын, 12,7-16,6%-ы ішінара қиындық туғызатынын, 5,6-6,7 % -ы оқу мақсаттарының сәйкессіздігін көрсеткен.

| Тақырып | Қиындықтар туғызды | Қиындық туғызбады | Оқу мақсаты сәйкес емес |
|---|--------------------|-------------------|-------------------------|
| 4.2 Графика | | | |
| 2.4.2.1 графикалық тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру | 13,7% | 80,4% | 5,9% |
| 2.4.2.2 графикалық жұмысты таныстырудың әртүрлі мүмкіндіктерін білу | 13,8% | 80,6% | 5,6% |
| 4.3 Кескіндеме | | | |
| 2.4.3.1 кескіндемелік тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру | 13,7% | 80,1% | 6,2% |
| 4.4 Мүсін | | | |
| 2. 4. 4. 1 мүсіндік тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру | 13,3% | 80,5% | 6,2% |
| 4.5 Сәндік-қолданбалы өнер | | | |
| 2.4.5.1 сәндік-қолданбалы өнер тәсілдер мен техникалар көмегімен идеяларды шығармашылықпен ұсыну және сезімдерді білдіру | 12,7% | 81,5% | 5,8% |
| 4.6 Дизайн және сәулет (көркем құрылымдау және модельдеу) | | | |
| 2.4.6.1 дизайн идеяларын шығармашылықпен ұсыну, идеялар мен сезімдерді құрылымдау және модельдеу тәсілдері мен техникасы арқылы негізді түрде білдіру | 15,2% | 78,1% | 6,7% |
| 2.4.6.2 сәулет идеяларын шығармашылықпен ұсыну, дизайн мен модельдеудің әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, сезімдерін білдіріп бейнелеу | 16,6% | 76,7% | 6,7% |

«Бейнелеу өнері» оқу бағдарламасы бойынша ұсынылған технологиялық картасының қорытындысы жасалды. Оқу бағдарламасында берілген бөлімдерге тиесілі оқу мақсаттарын талдай отырып, қатысушылардың 70-85 пайызы үшін оқу мақсаттары ешқандай қиындық туғызбайтынын көрсетті. «Қиындықтар туындады» бағанында қатысушылардың 3,4-7 пайызға жуығы оқушылардың кері реакциясын тудыратын қате оқу мақсаты, жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін күрделі оқу мақсаттары, іске асыру үшін ресурстардың жетіспеушілігі себептерін көрсеткен. Аталған оқу мақсаттары бойынша әзірлеуші топ мүшелеріне әдіскерлер мен пән мұғалімдері үшін түсіндіру жұмыстарын, оқыту семинарларын ұйымдастыру қажеттілігі ұсынылды.

1-2-сыныптарда енгізілген «Еңбекке баулу» оқу пәні бойынша мониторингтің технологиялық карталар нәтижесі

Технологиялық карталардың әрқайсысының өзіндік функциясы бар. Технологиялық карталарды көрсетілген мерзімде кестеге сәйкес пән мұғалімдері және директор орынбасарлары толтыру керек.

1-2-сыныптарда енгізілген «Еңбекке баулу» оқу пәнін оқыту бойынша сауалнама қорытындысы


«Еңбекке баулу» оқу пәнін оқытудағы мұғалімдердің қиындықтарын анықтауға және оны мектептерге енгізу мәселелерін анықтау барысында әр облыс пен 3 қаладан 4 педагогтан таңдалып алынды. Білім деңгейі бойынша қатысқан педагогтердің 83,7 пайызы жоғары білімі, 14,2 пайызы арнайы орта кәсіптік білімі және 2,1 пайызының білімі жоғарыдан кейінгі екенін 1-суреттен көруге болады.

1-сурет. Педагогтердің білім деңгейлері




Мониторингке қатысқан педагогтердің орташа жастары туралы мәліметті 2-суреттен көруге болады.

2-сурет. Педагогтердің жасы




Мониторингке қатысқан еңбек өтілі бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің контингентін зерттеу келесідей нәтиже көрсетті. Бұл талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің басым бөлігі 35,1% 6-15 жылдық тәжірибесі бар, 26,2 % 16-25 жылдық тәжірибесі бар, 23,5% педагог 26 және одан жоғары тәжірибесі бар және 14,9% 1-5 жылдық тәжірибесі бар педагогтер екенін 3-суреттен көруге болады.

3-сурет. Педагогикалық өтілі



Мониторингке қатысқан педагогтердің біліктілік санаты бойынша мәліметті 4-суреттен көруге болады.

4-сурет. Біліктілік санаттары бойынша талдау.



«Еңбекке баулу» пәні білім алушылар үшін қаншалықты қызықты екенін қатысушылар өздерінің сауалнамаларында келесідей атап көрсеткен:

- «қиындық туғызбайды»;
- «еңбекке баулу пәніне деген қызығушылығы мол»;
- «балаларға қолмен жұмыс жасау қызықты»;
- «оқушылар берілген тапсырманы қызыға орындайды»;
- «қызықты, әсерлі, суретпен жұмыс ұнайды»;
- «қол еңбегі арқылы ойлау қабілеті дамиды»;
- «жапсыру мен ермексазбен жұмыс ұнайды»;
- «өйткені бастауыш сынып оқушылары үшін еңбекке баулу пәні өте қызықты және өте қажет пән»;
- «білімді тәрбиемен алады»;
- «оқушылар еркіндікте шығармашылықпен жұмыс жасайды»;
- «балалар өздері жасаған жұмыстарына қуанады»;
- «өзіндік ойлау қабілеті және шығармашылық қабілетін арттыруға көмектеседі»;
- «мен, негізі аталған пәннің маманымын, сол себептен оқушылармен сабақты, қызықты да, жақсы өткізу менің парызым»;
- «айналадағы дүниені танып көзбен көріп ,қолмен жасау олар үшін өте қызық»;


- «жан-жақты ойланып даму үстінде болады»;
- «әр түрлі материалдармен жұмыс істеген қызықты»;
- «еңбекке баулу пәніне оқушылардың қызығушылығы өте жоғары Келесі сабақты тағатсыздана күтеді»;
- «қызықты бұйымдар жасауға қызығады»;
- «балаларға өте қызықты»;
- «балаларды шығармашылықпен айналысқанды ұнатады»;
- «еңбек құралдарымен жұмыс жасағанды ұнатады»;
- «оқушы басқа пәнге қарағанда өз еркімен жұмыс жасайды, еркін сезінеді, шығармашылығы дамиды. Еңбекке баулу сабағында оқушылар түрлі бұйымдармен, жасанды, табиғи заттармен жұмыс жасағанды ұнатады»;
- «оқушыларға өз қиялдарымен еркін жұмыс жасаған ұнайды»;
- «балалардың моторикасын дамытады»;
- «өз қолдарымен түрлі заттар жасап үйренеді»;
- «оқушылардың ой қиялын дамытады» және т.с.с.

Негізгі бөлімде берілген сауалнама мазмұны 8 сұрақты қамтиды. Сұрақтардың жауаптары талданып, пайыздық көрсеткіштер бойынша келесідей қорытындылар жасалды.

1. «Еңбекке баулу» оқу пәнінің мазмұнын бағалау үшін тұжырымдарды балдық шкала бойынша бағалау ұсынылған.


«Еңбекке баулу» оқу пәні менің оқушыларымның көпшілігі үшін қызықты деп 91 пайызы жауап берсе, 8,7 пайызы ішінара қызықты деген жауаптарды көрсеткен.

5-сурет. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын (2 балл – толық келісемін, 1 балл – ішінара келісемін, 0 балл – келіспеймін) талдау.




«Оқу бағдарламасы менің оқушыларымның көпшілігінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді (2 балл – толық келісемін, 1 балл – ішінара келісемін, 0 балл – келіспеймін)» деген сұраққа педагогтердің көпшілігі, яғни 76,3 пайызы білім алушылардың жас ерекшелігіне сай екенін атап көрсеткен. Оның жауабын 6-суреттен көруге болады.

6-сурет. Бағдарламаның жас ерекшелігіне сай екендігін талдау.




Мониторингке қатысқан педагогтердің 75 пайызы оқу бағдарламаларында берілген оқу мақсаттарына қол жеткізуге болады десе, 24,8 пайызы кей оқу мақсаттарына қол жеткізу қиындық тудыратын, 0,2 пайызы бағдарламаның бала жасына сәл қиын екенін айтады. Жауапты 7-суреттен көруге болады.

7-сурет. Оқу мақсаттарына қол жеткізуге болатындығын (2 балл – толық келісемін, 1 балл – ішінара келісемін, 0 балл – келіспеймін) талдау.




«Пәннің мазмұны үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген дағдылар мен құндылықтарды дамытуға ықпал етеді (2 балл – толық келісемін, 1 балл – ішінара келісемін, 0 балл – келіспеймін)» деген сұраққа педагогтердің 81,9 пайызы толық ықпал етеді деп жауап берсе, 17,5 пайызы ішінара ықпал етеді деп, 0,6 пайыз ықпал етпейді деп жауап берген. Ықпал етпейді деп жауап берген педагогтер өз жауаптарын бала деңгейі әртүрлі деп негіздейді. Педагогтердің жауабын 8-суреттен көруге болады.

8-сурет. Пәннің мазмұны үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген дағдылар мен құндылықтарды дамытуға ықпал етуін талдау.




«Ұзақ мерзімді жоспар нақты құрылымдалған, бұл менің сабақтарымды бір жылға оңай жоспарлауға мүмкіндік береді» деген тұжырыммен мониторингке қатысқан педагогтердің 80,8 пайызы келісетінін, 18,5 пайыз педагог ішінара келісетінін, ал 0,7 пайыз педагог ұзақ мерзімді жоспардың нақты құрылмағанын, оның сабақтарды жоспарлауға көмегінің тимегенін айтады. Осы сұрақтың жауабын 9-суреттен көруге болады.

9-сурет. Ұзақ мерзімді жоспар нақты құрылымдалған (2 балл – толық келісемін, 1 балл – ішінара келісемін, 0 балл – келіспеймін) талдау.



Пән бойынша қысқа мерзімді жоспарлауда 76,8 пайыз педагог қиналмайтын, 22,4 пайызы қиындық туғызатынын, 0,8 пайызы қиналатынын алға тартады. Оның жауабын 10-суреттен көруге болады.


10-сурет. Қысқа мерзімді жоспарды жоспарлау туралы.



Мониторингке қатысқан педагогтердің 72,5 пайызы мұғалімге ұсынылған ресурстарды оңай табатынын, 26,2 пайызы ұсынылған ресурстарды табу

барысында кішкене қиналатынын, ал 1,3 пайыз педагог ұсынылған ресурстарды таба алмағандықтарын алға тартады. Педагогтердің жауабын 11-суреттен көруге болады.

11-сурет. Нұсқаулықта ұсынылған ресурстардың қолжетімділігі (2 балл – толық келісемін, 1 балл – ішінара келісемін, 0 балл – келіспеймін) туралы




«Еңбекке баулу» оқу пәні бойынша сауалнама оқу пәнін нәтижелі енгізуге ықпал ететін және кедергі келтіретін факторларды анықтау үшін деректер жинау мақсатында өткізіліп, жауаптар арқылы «Еңбекке баулу» оқу пәнін оқытудағы мұғалімдердің қиындықтарын анықтауға және оны мектептерге енгізу мәселелерін анықтауға көмектесті. Оқу пәнінің бағдарламалары мен нұсқаулықтарын жетілдіру үшін педагогтердің пікірі мен ұсыныстары назарға алынды.

1-кесте. «Еңбекке баулу» оқу пәнінің мазмұны бойынша пайыздық көрсеткіштер

| Тұжырым | 2 | 1 | 0 |
|--|-------|-------|------|
| «Еңбекке баулу» оқу пәні менің оқушыларымның көпшілігі үшін қызықты | 91% | 8,7% | 0,3% |
| Оқу бағдарламасы менің оқушыларымның көпшілігінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді | 76,3% | 23% | 0,7% |
| Барлық оқу мақсаттарына қол жеткізуге болады | 75% | 24,7% | 0,3% |
| Пәннің мазмұны үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген дағдылар мен құндылықтарды дамытуға ықпал етеді | 81,9% | 17,5% | 0,6% |
| Ұзақ мерзімді жоспар нақты құрылымдалған, бұл менің сабақтарымды бір жылға оңай жоспарлауға мүмкіндік береді | 80,8% | 18,4% | 0,7% |
| Мен пән бойынша қысқа мерзімді жоспарларды оңай жасаймын | 76,7% | 22,4% | 0,8% |
| Мен мұғалімге арналған нұсқаулықта ұсынылған ресурстарды оңай табамын | 72,5% | 26,1% | 1,3% |


2. Сіз оқу процесінде «Еңбекке баулу» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың барлық түрлерін (шығармашылық жұмыстар, ойындар, зерттеу және т.с.с.) қолдана алдыңыз ба? (сіз оқытатын сыныптар бойынша мәліметтерді көрсетіңіз) сауалы бойынша педагогтердің 38 пайызы 100 пайыз қолданғанын айтса, ал 57,8 пайыз 50-70 пайыз қолданғанын, 4,2 пайыз педагог 50 пайыздан төмен қолданғанын айтады. Педагогтердің жауабын 12-суреттен көрініс тапқан.

12-сурет. Іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері туралы




3. «Еңбекке баулу» оқу пәнінің мазмұнына білім алушылардың қанағаттануы мен қызығушылығын қалай бағалайсыз? (сіз оқытатын сыныптар бойынша мәліметтерді көрсетіңіз) сауалы бойынша педагогтердің 67,8 пайызы жоғары, 31,8 пайызы орташа, ал 0,4 пайыз төмен бағалаған.

13-сурет. Пәннің мазмұнына білім алушылардың қанағаттануы мен қызығушылығын бағалау.



4. Сіздің ойыңызша, осы пәннің оқу нәтижелері қаншалықты қол жетімді? (сіз оқытатын сыныптар бойынша мәліметтерді көрсетіңіз) сұрағы бойынша мониторингке қатысқан педагогтердің 65 пайызы пәннің оқу нәтижелері толық қол жетімді десе, 34,2 пайызы пәннің оқу нәтижелері ішінара қол жетімді деп, ал 0,8 пайыз қол жетімсіз деп жауап берген.

14-сурет. Пәннің оқу нәтижелерінің қол жетімділігі туралы




5. Оқу бағдарламасы келесі дағдылар мен құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ете ме? сауалы бойынша нәтижелерді төмендегі кестеден көруге болады.

2-кесте. «Еңбекке баулу» оқу бағдарламасы келесі дағдылар мен құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етуі туралы

| | толық ықпал етеді | ішінара ықпал етеді | ықпал етпейді |
|--|-------------------|---------------------|---------------|
| мінез-құлық мәдениеті | 72,7% | 26,6% | 0,7% |
| азаматтық ұстаным | 71% | 28% | 1% |
| әлеуметтік жауапкершілік | 69,7% | 28,9% | 1,4% |
| басқаларға құрметпен қарау | 80,2% | 19,3% | 0,5% |
| салауатты өмір салты және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары | 78,3% | 21,4% | 0,3% |
| сыни және шығармашылық ойлау дағдылары | 72,9% | 26,6% | 0,5% |
| алған білімдерін өмірде қолдану дағдылары | 75% | 24,6% | 0,4% |
| зерттеу, жобалау, волонтерлік жұмыс дағдылары | 65% | 33,9% | 1,1% |

6. «Оқу пәнінің мазмұнын таңдау және құрастыру кезінде сіз нені басшылыққа аласыз?» деген сұраққа 58,1 пайыз педагогтер әдістемелік нұсқаулықты, 38,4 пайыз интернет-ресурстарымен жеке педагогикалық тәжірибені, 3,5 пайыз біліктілікті арттыру курсына алынған ресурстарды басшылыққа алатынын айтқан.

15-сурет. Оқу пәнінің мазмұнын таңдау және құрастыру кезінде сіз нені басшылыққа алу туралы




7. «ОМЖ-ларда (пән бойынша мұғалімге арналған нұсқаулықта берілген) ұсынылған теориялық және тәжірибеге бағытталған тапсырмалардың теңгерімін бағалаңыз» деген сұраққа 63,6 пайыз теңдестірілген деп, 33,7 пайыз ішінара теңдестірілген деп, 0,8 теңдестірілмеген деп жауап берді.

16-сурет. Теориялық және тәжірибеге бағытталған тапсырмалардың теңгерімін бағалау



8. «Осы пәннің мұғалімдеріне арналған нұсқаулықтың сапасын бағалаңыз» деген сұраққа 80,2 пайыз педагогтер қолдануға болады деп жауап берсе, 19,8 пайыз педагог жетілдіру қажет деп жауап берген.

17-сурет. Осы пәннің мұғалімдеріне арналған нұсқаулықтың сапасын бағалау



| № | Бөлімшелер | |
|----|--|---|
| 1. | Өткізілген іс-шаралар (сапар барысында өткізілген іс-шаралардың барлық түрлерін тізімдеу): сабақты бақылау / терең сұхбат / фокус-топтар және т. б. | сабақты бақылау, терең сұхбат |
| 2. | Сапар барысында сабақты бақылау, әкімшілікпен, педагогтермен және білім алушылармен әңгімелесу арқылы пәнді оқытудың қандай табысты тәжірибелері анықталғаны туралы түсініктемелер 2.1 Сабақ мазмұнын құру және сабаққа арналған ресурстарды таңдау (сабақтың тақырыбы мен мақсатына, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, өмірмен байланыс, тәжірибеге бағдарлану) 2.2 Пәннің оқу бағдарламасының мақсаттарына сәйкес білім алушылардың құзыреттері мен дағдыларын, құндылықтарын дамытуға бағытталған тапсырмаларды әзірлеу және сабақта жұмыс нысандарын іріктеу 2.3 Басқа | Сабақ мазмұнын құру және сабаққа арналған ресурстарды таңдау (сабақтың тақырыбы мен мақсатына, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, өмірмен байланыс, тәжірибеге бағдарлану) |
| 3. | Сапар барысында сабақты бақылау, әкімшілікпен, педагогтермен және білім алушылармен әңгімелесу шеңберінде пәнді оқытудың қандай проблемалары анықталғаны туралы түсініктемелер 3.1 ресурстарды таңдаудағы және сабақ мазмұнын құрудағы қиындықтар 3.2 оқыту әдістемесіндегі қиындықтар, оқу бағдарламасында ұсынылған білім алушы әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен формаларын қолдану 3.3 оқу бағдарламасында көзделген құзыреттерді, дағдылар мен | 1. ресурстарды таңдаудағы және сабақ мазмұнын құрудағы қиындықтар 2. оқу бағдарламасында көзделген құзыреттерді, дағдылар мен құндылықтарды дамытуға бағытталған білім алушылардың тапсырмаларын әзірлеу мен қызметін ұйымдастырудағы қиындықтар |

| | | |
|----|---|---|
| | құндылықтарды дамытуға бағытталған білім алушылардың тапсырмаларын әзірлеу мен қызметін ұйымдастырудағы қиындықтар 3.4 басқа | |
| 4. | Сапарға дейін анықталған, сапар кезінде талданған проблемалық мәселелердің тізімі, оларды шешу бойынша ұсыныстар | жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін күрделі оқу мақсаттары, іске асыру үшін ресурстардың жетіспеушілігі |
| 5. | «Еңбекке баулу» оқу пәнінің оқу бағдарламалары бойынша ұсыныстар, әр сынып бойынша | 1-2 сынып «Еңбекке баулу» пәні бойынша «Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау» бөлімі, 2.1 Материалдар және шығармашылық жұмысты орындау техникалары |
| 6. | 1-2-сыныптардың «Еңбекке баулу» оқу пәні бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулықты жетілдіру ұсыныстары | Мектеп әкімшілігінен алынған ақпарат «Еңбекке баулу» оқу пәнін енгізуді қолдау үшін (мысалы, ресурстарды қамтамасыз ету, мұғалімдерді әдістемелік қолдау) мектепте құрылған құрылымдардың тиімділігі туралы мәліметтерге назар аударуы керек. |

Әңгімелесу хаттамасына арналған парақ Бейнелеу өнері

| | |
|---|--|
| Уақыты | 23.10.2023ж |
| Әдіскер аты-жөні | Кутгыбаева Асем Манарбековна |
| Қатысқан мұғалім саны | 5 |
| Кездесу сипатының қысқаша мазмұны <i>Талқыланатын негізгі сұрақтар қандай және сіз қандай жауаптар күтесіз? Сіз неден бастағыңыз келеді? Қандай нәтиже көргіңіз келеді?</i> | «Бейнелеу өнері» оқу пәнін енгізу процесі туралы және пәннің мазмұнына қатысты көзқарастарын тыңдағым келеді. пәнді жүзеге асыруға ықпал ететін сондай-ақ пәнді жүзеге асыруға кедергі келтіретін факторлар туралы пікірлерін тыңдағым келеді. |
| «Бейнелеу өнері» оқу пәні және оны іске асыру бойынша сұрақтар <i>Әңгіме барысында көтерілген әрбір сұрақты осында жазыңыз. Сұрақты кім көтергенін және қандай мәліметтер немесе мысалдар келтіргенін жазуға тырысыңыз. Мүмкіндігінше басқалардың реакциясын ескеріңіз: қатысушылар тарапынан әңгімеге қолдау көрсетілді ме, қарама-қарсы көзқарастар болды ма? Егер бір сұрақ екі рет көтерілсе, қайта жазбаңыз. Оның қайта талқыланғанын ескеріңіз-бұл қатысушылар мәселе шешілмеді деп санағандығын білдіреді.</i> | 1-2 сыныптарда «Бейнелеу өнері» оқулығы жоқ. Тақырып мақсатына жету үшін неге ресурстар толық емес? Оқу мақсаттары неге бала жасына сәйкес жасалмаған? |
| Қорытынды/нәтиже | Қатысушылардың барлығы белсенді және |

| | |
|---|--|
| <p>Осы талқылау нәтижесінде алынған қорытындыларды немесе әрекеттерді жазыңыз. Сондай-ақ, кездесудің нәтижелі өтуіне кедергі келтірген кез келген факторларды атап өтіңіз, мәселен, кездесуден қатысушыларды шақырып әкетіп отырды ма, қатысушылардың қайсысы мүлдем енжар қатысты, жоғарыдағы жазбаларда қалыс қалған мәселелер бар ма және т. б.?</p> | <p>оларды енжар қатысушылар болмады.</p> |
|---|--|

Еңбекке баулу

| | |
|---|--|
| <p>Уақыты</p> | <p>23.10.2023 ж</p> |
| <p>Әдіскер аты-жөні</p> | <p>Куттыбаева Асем Манарбековна</p> |
| <p>Қатысқан мұғалім саны</p> | <p>5</p> |
| <p>Кездесу сипатының қысқаша мазмұны <i>Талқыланатын негізгі сұрақтар қандай және сіз қандай жауаптар күтесіз? Сіз неден бастағыңыз келеді? Қандай нәтиже көргіңіз келеді?</i></p> | <p>«Еңбекке баулу» оқу пәнін енгізу процесі туралы және пәннің мазмұнына қатысты көзқарастарын тыңдағым келеді. пәнді жүзеге асыруға ықпал ететін сондай-ақ пәнді жүзеге асыруға кедергі келтіретін факторлар туралы пікірлерін тыңдағым келеді.</p> |
| <p>«Еңбекке баулу» оқу пәні және оны іске асыру бойынша сұрақтар <i>Әңгіме барысында көтерілген әрбір сұрақты осында жазыңыз. Сұрақты кім көтергенін және қандай мәліметтер немесе мысалдар келтіргенін жазуға тырысыңыз. Мүмкіндігінше басқалардың реакциясын ескеріңіз: қатысушылар тарапынан әңгімеге қолдау көрсетілді ме, қарама-қарсы көзқарастар болды ма? Егер бір сұрақ екі рет көтерілсе, қайта жазбаңыз. Оның қайта талқыланғанын ескеріңіз-бұл қатысушылар мәселе шешілмеді деп санағандығын білдіреді.</i></p> | <p>1-2 сыныптарда Тақырып мақсатына жету үшін неге ресурстар толық емес? Оқу мақсаттары неге бала жасына сәйкес жасалмаған?</p> |
| <p>Қорытынды/нәтиже <i>Осы талқылау нәтижесінде алынған қорытындыларды немесе әрекеттерді жазыңыз. Сондай-ақ, кездесудің нәтижелі өтуіне кедергі келтірген кез келген факторларды атап өтіңіз, мәселен, кездесуден қатысушыларды шақырып әкетіп отырды ма, қатысушылардың қайсысы мүлдем енжар қатысты, жоғарыдағы жазбаларда қалыс қалған мәселелер бар ма және т. б.?</i></p> | <p>Қатысушылардың барлығы белсенді және енжар қатысушылар болмады.</p> |

Сабақты бақылау парағының үлгісі

| | |
|--------------------------|----------------------------------|
| Уақыты | 16.10.2023ж |
| Сынып | 2а |
| Тақырып | «Кітап бетбелгісі» |
| Бөлім | «Бейнелеу сауаттылығы негіздері» |
| Сыныптағы оқушылар саны | 18 |
| Сабаққа қатысушылар саны | 16 |
| Әдіскер аты-жөні | Куттыбаева Асем Манарбековна |

| Мұғалім іс-әрекетін бақылау фокусы | Бақылаушының пікірлері | |
|---|---|------------------------------------|
| | Жағымды көріністер | Жақсартуды қажет ететін көріністер |
| Мазмұн мен педагогикалық тәсілдерді іске асыру | | |
| Сабақ тақырыбының типтік оқу бағдарламасына сәйкестігі, сабақтың тақырыбы мен мақсатының сәйкестігі | Сабақтың мақсаттары оқу мақсаттарына сәйкес | |
| Сабақты ұйымдастыру формасын таңдаудың орындылығы | Сабақты ұйымдастыру формасын таңдаудың орындылығы сәйкес | |
| Оқу әрекетінің сабақ мақсатына сәйкестігі | Сабақ мақсаты оқу бағдарламасына сәйкес | |
| Үлгілік оқу бағдарламасында ұсынылған білім алушылардың қызметін ұйымдастыру түрлері мен әдістерін қолдану | Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін дайын сандық білім беру ресурстарын пайдаланады. Педагог оқыту мақсаттарына қол жеткізу бойынша әрбір білім алушының ілгерілеуін қадағалайды. | |
| Оқу материалдарының қолжетімділігі (түсініктілігі, жас ерекшеліктеріне сәйкестігі) | Сабақтың әр кезеңінде педагог барлық білім алушыларды белсенді оқуға тартады | |
| Сабақта білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың тапсырмалары мен нысандарының тәжірибеге бағдарлануы, олардың үлгілік оқу бағдарламасында көзделген білім алушылардың құзыреттері мен дағдыларын дамытуға бағытталуы | Педагог оқыту мақсаттарына қол жеткізу бойынша әрбір білім алушының ілгерілеуін қадағалайды | |
| Оқушының іс-әрекетін бақылау фокусы | | |
| Білім алушылардың оқу әрекетіне белсенді қатысуы | Оқушылардың өз әрекеттерін басқара алады, қажеттіліктері бойынша қолдау күтеді | |
| Оқушылар ұсынылған тапсырмаларды орындай алуы | Оқушылар өз білімін және дағдысын жетілдіру үшін оқу тапсырмаларын орындауда белсенділік пен шығармашылық | |

| | | |
|---|--|--|
| | танытады | |
| Оқушылар рефлексия жасайды, сабақта не болып жатқанын бағалайды | Оқушылар түсінбегендерін сыныптастарының немесе мұғалімнің қолдауына сүйеніп, нақтылай алады. Мұғалім қалыптастырушы бағалаудың нәтижелерін сабақ жоспарлау үшін пайдаланады | |
| Құндылықтарды іске асыру | | |
| Құндылықтар оқу үдерісінде көрініс таба ма | Оқушылардың мұғаліммен және сыныптастарымен қарым-қатынасы, сыйластығы өте жақсы. | |
| Жалпы қорытындылар (әр бөлім бойынша түйіндеме): | Мұғалім оқушылардың жетістігін бақылайды және пікірін білдіреді. Оқыту үрдісінде оқушылар мұғалімнен кері байланыс алады | |
| Ұсынымдар (әр бөлім бойынша): | | |

Сабақты бақылау парағының үлгісі

| | |
|--------------------------|--------------------------------------|
| Уақыты | 23.10.2023 ж |
| Сынып | 16 |
| Тақырып | Табиғи материалдардың түрлері |
| Бөлім | Менің мектебім |
| Сыныптағы оқушылар саны | 17 |
| Сабаққа қатысушылар саны | 16 |
| Әдіскер аты-жөні | Куттыбаева А.М |

| Мұғалім іс-әрекетін бақылау фокусы | Бақылаушының пікірлері | |
|--|--|------------------------------------|
| | Жағымды көріністер | Жақсартуды қажет ететін көріністер |
| Мазмұн мен педагогикалық тәсілдерді іске асыру | | |
| Сабақ тақырыбының типтік оқу бағдарламасына сәйкестігі, сабақтың тақырыбы мен мақсатының сәйкестігі | Сабақтың мақсаттары оқу мақсаттарына сәйкес | |
| Сабақты ұйымдастыру формасын таңдаудың орындылығы | Сабақты ұйымдастыру формасын таңдаудың орындылығы сәйкес | |
| Оқу әрекетінің сабақ мақсатына сәйкестігі | Сабақ мақсаты оқу бағдарламасына сәйкес | |
| Үлгілік оқу бағдарламасында ұсынылған білім алушылардың қызметін ұйымдастыру түрлері мен әдістерін қолдану | Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін дайын сандық білім беру ресурстарын пайдаланады. Педагог оқыту мақсаттарына қол жеткізу бойынша әрбір білім алушының ілгерілеуін | |

| | | |
|---|--|--|
| | қадағалайды. | |
| Оқу материалдарының қолжетімділігі (түсініктілігі, жас ерекшеліктеріне сәйкестігі) | Сабақтың әр кезеңінде педагог барлық білім алушыларды белсенді оқуға тартады | |
| Сабақта білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың тапсырмалары мен нысандарының тәжірибеге бағдарлануы, олардың үлгілік оқу бағдарламасында көзделген білім алушылардың құзыреттері мен дағдыларын дамытуға бағытталуы | Педагог оқыту мақсаттарына қол жеткізу бойынша әрбір білім алушының ілгерілеуін қадағалайды | |
| Оқушының іс-әрекетін бақылау фокусы | | |
| Білім алушылардың оқу әрекетіне белсенді қатысуы | Оқушылардың өз әрекеттерін басқара алады, қажеттіліктері бойынша қолдау күтеді | |
| Оқушылар ұсынылған тапсырмаларды орындай алуы | Оқушылар өз білімін және дағдысын жетілдіру үшін оқу тапсырмаларын орындауда белсенділік пен шығармашылық танытады | |
| Оқушылар рефлексия жасайды, сабақта не болып жатқанын бағалайды | Оқушылар түсінбегендерін сыныптастарының немесе мұғалімнің қолдауына сүйеніп, нақтылай алады. Мұғалім қалыптастырушы бағалаудың нәтижелерін сабақ жоспарлау үшін пайдаланады | |
| Құндылықтарды іске асыру | | |
| Құндылықтар оқу үдерісінде көрініс таба ма | Оқушылардың мұғаліммен және сыныптастарымен қарым-қатынасы, сыйластығы өте жақсы. | |
| Жалпы қорытындылар (әр бөлім бойынша түйіндеме): | Мұғалім оқушылардың жетістігін бақылайды және пікірін білдіреді. Оқыту үрдісінде оқушылар мұғалімнен кері байланыс алады | |
| Ұсынымдар (әр бөлім бойынша): | | |

Қарағанды облысы бойынша

| № | Бөлімшелер | Бейнелеу өнері |
|----|--|--|
| 1. | Өткізілген іс-шаралар (сапар барысында өткізілген іс-шаралардың барлық түрлерін тізімдеу): сабақты бақылау / терең сұхбат / фокус-топтар және т. б. | <p>1. «Бейнелеу өнері» оқу пәндерін енгізу нәтижелеріне, олардың оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын, педагогтеріне арналған нұсқаулықтың мазмұнын жетілдіру мақсатында мониторинг жүргізілетінін айтып, мектеп әкімшілігімен кездестім.</p> <p>2. Жұмыс мақсатын, жұмыс бағдарламасын, сабақ кестесін нақтыладым.</p> <p>3. 2-сыныптың «Бейнелеу өнері» пәнін оқытатын</p> |

| | | |
|----|---|--|
| | | <p>педагогтармен кездесіп, фокус-топ мүшелерімен әңгіме жүргіздім.</p> <p>4. Пән мұғалімінің сабағына қатысу «Бейнелеу өнері» оқу пәнін енгізудің табысты тәжірибелері мен проблемаларын анықтау үшін жүргізілетінін түсіндіріп, сабақты бақылау оның кәсібилігін бағалау үшін емес екендігі айттым.</p> |
| 2. | <p>Сапар барысында сабақты бақылау, әкімшілікпен, педагогтармен және білім алушылармен әңгімелесу арқылы пәнді оқытудың қандай табысты тәжірибелері анықталғаны туралы түсініктемелер</p> <p>2.1 Сабақ мазмұнын құру және сабаққа арналған ресурстарды таңдау (сабақтың тақырыбы мен мақсатына, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, өмірмен байланыс, тәжірибеге бағдарлану)</p> <p>2.2 Пәннің оқу бағдарламасының мақсаттарына сәйкес білім алушылардың құзыреттері мен дағдыларын, құндылықтарын дамытуға бағытталған тапсырмаларды әзірлеу және сабақта жұмыс нысандарын іріктеу</p> <p>2.3 Басқа</p> | <p>2.1.5.1 әртүрлі тәсілдер мен техниканы қолдана отырып, сәндік-қолданбалы өнер материалдары мен құралдарын қолдану</p> <p>2.1. Мұғалім сабақ құрылымын дұрыс жоспарлаған, сыныптың психологиялық ахуалын қалыптастырды. «Миға шабуыл» әдісі арқылы, ой қозғау сұрақтары арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстырды. Сабаққа арналған қажетті ресурстар сабақтың тақырыбы мен мақсатына, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, (интербелсенді тақта, желім, фетр мата, қайшы, сызғыш, өшіргіш, ою үлгілері) дұрыс бағыттталып, таңдалынған.</p> <p>2.2. Пәннің оқу бағдарламасының мақсаттарына сәйкес, білім алушылар ойлау, визуалды есте сақтау, шығармашылық қиял, көркемдік қабілеттер, адамгершілік және эстетикалық сезімдерді дамыта отырып, алған білімдерін өмірде қолдану, зерттеу дағдыларын қалыптастырып, материалдар мен құралдарды пайдаланып, сәндік қолданбалы ұлттық ою элементтері бар бұйымдарды орындап, өздері жасаған жұмыстарын «Сиқырлы кілем» негізгі идеясын түсіндіріп, таныстыра алды.</p> <p>2.3. Сабақ үдерісінде білім алушылар интербелсенді тақтадан көрсетілген «Ұлттық кілем жасау» туралы бейнежазбаны көру арқылы, кілемнің бірнеше түрін біліп, «Түкті кілем», «Тықыр кілем», «Аралас кілем», «Тері кестелі өрнек кілем» сонымен қатар кілем өндірудің екі түрлі әдіспен жүзеге асырылатындығы туралы ақпаратпен танысты.</p> |
| 3. | <p>Сапар барысында сабақты бақылау, әкімшілікпен, педагогтармен және білім алушылармен әңгімелесу шеңберінде пәнді оқытудың қандай проблемалары анықталғаны туралы түсініктемелер</p> <p>3.1 ресурстарды</p> | <p>3.1. Сабақ өткізуге қажетті ресурстарды таңдауда және сабақ мазмұнын құруда айтарлықтай қиындықтар кездескен жоқ.</p> <p>3.2. Бүгінгі сабақ барысында «Сиқырлы кілем» жасаудың жолдары көрсетілген бейнематериал арқылы және педагогтың нұсқаулығымен жасалу қадамдарын айтып отырғанның өзінде практикалық жұмыс жасау кезінде, кейбір оқушыларға фетрді бүктеу, қарындашпен өрнек салу, сызықтың бойымен қиып алу қиындық туғызды. Бұл қиындықтар материалдар мен құралдарды пайдалану кезінде туындаған қиындықтар болды.</p> |

| | | |
|----|---|--|
| | <p>таңдаудағы және сабақ мазмұнын құрудағы қиындықтар</p> <p>3.2 оқыту әдістемесіндегі қиындықтар, оқу бағдарламасында ұсынылған білім алушы әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен формаларын қолдану</p> <p>3.3 оқу бағдарламасында көзделген құзыреттерді, дағдылар мен құндылықтарды дамытуға бағытталған білім алушылардың тапсырмаларын әзірлеу мен қызметін ұйымдастырудағы қиындықтар</p> | <p>3.3. Оқу бағдарламасы өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік және эстетикалық сезімдерге тәрбиелеуге, ұлттық бейнелеу өнері туралы, Қазақстанда тұратын басқа ұлттардың мәдениеті туралы идеяларды қалыптастыруға, өнер саласында базалық білім алуға, өнерге деген қызығушылықты дамытуға, өнер арқылы ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге құрмет сезімін қалыптастыруға, білім алушылардың көркемдік-бейнелеу дағдыларын, шығармашылық әлеуетін, өнер туындылары туралы ақпаратты іздеу, алу, талдау және пайдалану дағдыларын, өзінің шығармашылық қызметі арқылы өз ойларын білдіру және негіздеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім алушылардың тапсырмаларын әзірлеуде жас ерекшеліктеріне сай материалдарды таңдауда, әзірлеуде (қолданбалы өнер, сәулет, дизайн) қиындықтар туындады.</p> |
| 4. | <p>Сапарға дейін анықталған, сапар кезінде талданған проблемалық мәселелердің тізімі, оларды шешу бойынша ұсыныстар</p> | <p>1.Проблемалық талданған мәселелерге тоқталатын болсақ, сабақ үдерісіне қатысты ұлттық құндылықтарға бағытталған білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай ресурстардың аздығы.</p> <p>2.Сабақ мақсатына жету үшін тапсырмалар орындау кезінде материалдар мен құралдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктеріне қарай кейбір білім алушыларға қолдану қиындық туғызған болатын. Бірақ педагогтың сараланған тәсілді қолдану арқылы әрбір білім алушының мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, сабақ күтілетін нәтижеге жетті.</p> <p>3.Оқушылар өз жасаған жұмыстарын бағалауда, талқылауда оны жақсарту жолдарын нақты өз ойларымен толық айта алмайтындығы байқалды. Білім алушылар сабақта практикалық жұмыс жасау кезінде, әр тапсырмадан соң дескрипторлармен өз жұмыстарын бағалауға дағдылануда.</p> |
| 5. | <p>«Бейнелеу өнері» оқу пәнінің оқу бағдарламалары бойынша ұсыныстар, әр сынып бойынша</p> | <p>Оқу бағдарламасы классикалық оқыту жүйесіне сүйенеді. Бейнелеу өнері-классикалық өнердің барлық негізгі түрлерін: бейнелеу (кескіндеме, графика, мүсін), конструктивті (сәулет, дизайн), сәндік-қолданбалы (дәстүрлі халық өнері) зерттеуді қамтитын көркем мәдениетке кіріспенің тұтас жүйесін білдіреді. Бағдарлама мазмұны табиғаттан, есте сақтау қабілетінен және қоршаған әлемнің әртүрлі объектілері мен құбылыстарының қиялынан сурет салу, қоршаған өмір тақырыптары бойынша графикалық және кескіндемелік композициялар жасау, бейнелеу өнері туралы әңгімелерден тұрады. Классикалық жүйе білім</p> |

| | | |
|----|---|---|
| | | алушылардың бейнелеу қабілеттерін, көркемдік талғамын, шығармашылық қиялын, кеңістіктік ойлауын, эстетикалық сезімдерін және сұлулықты түсінуін дамытуды көздейді. Оқу мақсаттары білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай құрылғанмен, іске асыру үшін ресурстардың жетіспеушілігі байқалды. |
| б. | 1-2-сыныптардың «Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулықты жетілдіру ұсыныстары | «Бейнелеу өнері» оқу пәні бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулықта оқу бағдарламасының ерекшеліктері, оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері, оқу пәнінің игерудің жоспарланған нәтижелері, оқу жетістіктерін бағалау, оқу жүктемесінің көлемі, оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар жүйелі толығымен нақты жазылған. |

| № | Бөлімшелер | Еңбекке баулу |
|----|---|--|
| 1. | Өткізілген іс-шаралар (сапар барысында өткізілген іс-шаралардың барлық түрлерін тізімдеу): сабақты бақылау / терең сұхбат / фокус-топтар және т. б. | <p>1. «Еңбекке баулу және «Бейнелеу өнері» оқу пәндерін енгізу нәтижелеріне, олардың оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын, педагогтеріне арналған нұсқаулықтың мазмұнын жетілдіру мақсатында мониторинг жүргізілетінін айтып жеткіздім.</p> <p>2. Сапардың мақсаты, сапар бағдарламасы, жұмыс кестесін нақтыладым.</p> <p>3. Сабақты бақылауды жоспарлай алуым үшін алдын-ала сабақ кестесімен таныстым.</p> <p>4. 2-сыныптың «Еңбекке баулу» пәнін оқытатын педагогпен кездесіп, сұхбат жүргіздім.</p> <p>5. Мұғалімге сабақты бақылау оның кәсібилігін бағалау үшін емес, «Еңбекке баулу» оқу пәнін енгізудің табысты тәжірибелері мен проблемаларын анықтау үшін жүргізілетіні түсіндірілді.</p> |
| 2. | <p>Сапар барысында сабақты бақылау, әкімшілікпен, педагогтермен және білім алушылармен әңгімелесу арқылы пәнді оқытудың қандай табысты тәжірибелері анықталғаны туралы түсініктемелер</p> <p>2.1 Сабақ мазмұнын құру және сабаққа арналған ресурстарды таңдау (сабақтың тақырыбы мен мақсатына, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, өмірмен байланыс, тәжірибеге бағдарлану)</p> | <p>1. «Еңбекке баулу» оқу пәні бойынша сабақ.</p> <p>2.1 Педагог сабақ мазмұнын дұрыс жоспарлаған, сыныпта ынтымақтастық орнатып, оқушылардың зейінін шоғырландыру үшін тапсырмалар орындата білді. Сабаққа арналған қажетті ресурстар сабақтың тақырыбы мен мақсатына, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, тәжірибеге (нейрожаттығу қағаздары, үлестірме қағаздар, скрапбукинг туралы бейнежазба, қатырғы қағаз, түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы, сызғыш, өшіргіш, оқу құралдарының суреттері) дұрыс бағдарланып, таңдалынған.</p> <p>2.2 Пәннің оқу бағдарламасының мақсаттарына сәйкес, оқушылардың мінез –құлық</p> |

| | | |
|-----------|--|---|
| | <p>2.2 Пәннің оқу бағдарламасының мақсаттарына сәйкес білім алушылардың құзыреттері мен дағдыларын, құндылықтарын дамытуға бағытталған тапсырмаларды әзірлеу және сабақта жұмыс нысандарын іріктеу</p> <p>2.3 Басқа</p> | <p>мәдениетін, басқаларға құрмет көрсету, әлеуметтік жауапкершілік, сыни және шығармашылық ойлау, алған білімдерін өмірде қолдану, зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, материалдар мен құралдарды пайдаланып, сәндік қолданбалы өнер элементтері бар бұйымдарды орындап, өздері жасаған жұмыстарын-скрапбукингтің негізгі идеясын түсіндіріп, таныстыра алды.</p> <p>2.3 Сабақ барысында білім алушылар QR код арқылы интербелсенді тақтадан көрсетілген «Скрапбукингтің жасалу жолы» туралы бейнежазбаны көру арқылы қажетті ақпараттарды сүзіп алып, өз тәжірибелерінде қолданды. Сабақ соңында жасалынған жұмыс өнімдерін көрме алаңына қойды.</p> |
| <p>3.</p> | <p>Сапар барысында сабақты бақылау, әкімшілікпен, педагогтермен және білім алушылармен әңгімелесу шеңберінде пәнді оқытудың қандай проблемалары анықталғаны туралы түсініктемелер</p> <p>3.1 ресурстарды таңдаудағы және сабақ мазмұнын құрудағы қиындықтар</p> <p>3.2 оқыту әдістемесіндегі қиындықтар, оқу бағдарламасында ұсынылған білім алушы әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен формаларын қолдану</p> <p>3.3 оқу бағдарламасында көзделген құзыреттерді, дағдылар мен құндылықтарды дамытуға бағытталған білім алушылардың тапсырмаларын әзірлеу мен қызметін ұйымдастырудағы қиындықтар</p> | <p>3.1 Сабақ процесіне ресурстарды таңдауда әртүрлі ақпарат түрлерін ғаламтордан іздеу, жинау, сұраптау қиындық туғызды.</p> <p>3.2 «Еңбекке баулу» оқу пәнін оқыту аясында практикалық жұмыс жасау кезінде педагогтың «Жеке күнделікті жасау» туралы нұсқаулығының қадамдарын айтып отырғанның өзінде, кейбір оқушыларға қағазды бүктеу, симметриялы бүктеу, түзу қию, жапсыру жұмыстары қиындық туғызды. Бұл қиындықтар материалдар мен құралдарды пайдалану кезінде туындаған қиындықтар болды.</p> <p>3.3 Оқу бағдарламасында көзделген құзыреттерді, дағдылар мен құндылықтарды дамытуға бағытталған білім алушылардың тапсырмаларымен, мәдени мұралармен таныстыруда қажетті ақпараттардың аздығы қиындықтар туғызды.</p> |
| <p>4.</p> | <p>Сапарға дейін анықталған, сапар кезінде талданған проблемалық мәселелердің тізімі, оларды шешу бойынша ұсыныстар</p> | <p>1.Талданған проблемалық мәселелерге тоқталатын болсақ сабақ процесіне қатысты ұлттық құндылықтарға бағытталған қосымша ресурстардың қазақ тілінде ғаламторда жеткіліксіздігі.</p> <p>2.Материалдар мен құралдарды пайдалану, қолдану мүмкіндіктеріне қарай кейбір білім алушыларға қолдану қиындық туғызады екен.</p> <p>3.Білім алушылардың өз жұмыстарының негізгі идеясын түсіндірулерінде қиыншылықтар кездесті.</p> |

| | | |
|----|---|---|
| | | 4. Оқушылар өз жасаған жұмыстарын бағалауда, талқылауда оны жақсарту жолдарын нақты өз ойларымен толық айта алмайтындығы байқалды. |
| 5. | «Еңбекке баулу» оқу пәнінің оқу бағдарламалары бойынша ұсыныстар, әр сынып бойынша | «Еңбекке баулу» оқу пәнінің оқу бағдарламалары мен педагогтарға арналған әдістемелік нұсқаулық екеуінің құрылымы, мазмұны жағынан бір-біріне сәйкес келеді. Оқу мақсаттары білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай құрылған. Білім алушыларда кездескен қиындықтар олардың қабылдау ерекшеліктеріне байланысты болды. |
| 6. | 1-2-сыныптардың «Еңбекке баулу» оқу пәні бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулықты жетілдіру ұсыныстары | «Еңбекке баулу» оқу пәні бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулықта білім беру мен тәрбиелеу мақсаттарына қол жеткізуге жұмыстар жазылған, бірақ ол жұмыстарды қалай сабақтарда қолдану керектігі нақты, ашық жазылмағандығы байқалды. Оқу бағдарламасы мен педагогке арналған нұсқаулықта «Еңбекке баулу» оқу пәні оқу жылына 36 сағатқа жоспарланған, 2023-2024 оқу жылында 34 оқу аптасына жасалынса. |

Сабақты бақылау парағының үлгісі

| | |
|--------------------------|--------------------------------|
| Уақыты | 23.10.2023 |
| Сынып | 1 «б» |
| Тақырып | Кемпіркосақ гуашпен сурет салу |
| Бөлім | Бейнелеу сауаттылығы |
| Сыныптағы оқушылар саны | 14 |
| Сабаққа қатысушылар саны | 14 |
| Әдіскер аты-жөні | Айбоснова Сауле Абиловна |

| Мұғалім іс-әрекетін бақылау фокусы | Бақылаушының пікірлері | |
|---|---|------------------------------------|
| | Жағымды көріністер | Жақсартуды қажет ететін көріністер |
| Мазмұн мен педагогикалық тәсілдерді іске асыру | | |
| Сабақ тақырыбының типтік оқу бағдарламасына сәйкестігі, сабақтың тақырыбы мен мақсатының сәйкестігі | Сабақтың тақырыбы типтік оқу бағдарламасына сәйкес келеді. Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаттары да сәйкес келген. | |
| Сабақты ұйымдастыру формасын таңдаудың орындылығы | Педагог сабақты ұйымдастыру формасын тиімді жоспарлаған. «Көңілді амандасу» психологиялық ахуал орната білді. Сыныпта ынтымақтастық ортаны орната білді. Зейінді шоғырландыру жаттығуын жасады. | |
| Оқу әрекетінің сабақ | Сабақ процесінің жүру барысында | |

| | | |
|---|--|--|
| мақсатына сәйкестігі | оқу әрекетінің сабақ мақсатына сәйкестігі байқалды. Педагог талқылау сұрақтарын, проблемалық сұрақтарды қоя отырып, білім алушылардың қызығушылықтарын, белсенділікпен сабаққа қатысуларын жүйелі түрде орындата білді. | |
| Үлгілік оқу бағдарламасында ұсынылған білім алушылардың қызметін ұйымдастыру түрлері мен әдістерін қолдану | Білім алушылардың қызметін ұйымдастыру түрлері мен әдістеріне жеке берілген тапсырмалар оқушының өз бетінше іздену, байқау, қолдану, талдау, зерттеу, жұмыстарының жүргізілуі шығармашылық бағытта дамуына мүмкіндік жасалды. | Сабақта топтық, жұптық жұмыс формаларын қолдану ұсынылады. |
| Оқу материалдарының қолжетімділігі (түсініктілігі, жас ерекшеліктеріне сәйкестігі) | Оқу материалдарының қолжетімділігі оқушының жас шамасына физиологиялық-психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестелген. | |
| Сабақта білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың тапсырмалары мен нысандарының тәжірибеге бағдарлануы, олардың үлгілік оқу бағдарламасында көзделген білім алушылардың құзыреттері мен дағдыларын дамытуға бағытталуы | Сабақта білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың тапсырмалары мен нысандарының тәжірибеге бағдарлануы, олардың сыни және шығармашылық ойлау, мінез-құлық мәдениетін, алған білімдерін өмірде қолдана білу және қауіпсіздік ережесін сақтау дағдыларын дамытуға бағытталды. | |
| Оқушының іс-әрекетін бақылау фокусы | | |
| Білім алушылардың оқу әрекетіне белсенді қатысуы | Білім алушылар оқу әрекетіне белсенді түрде қатысып отырды. | |
| Оқушылар ұсынылған тапсырмаларды орындай алуы | Оқушылар ұсынылған тапсырмаларды практикалық жұмыспен жасай алды. | |
| Оқушылар рефлексия жасайды, сабақта не болып жатқанын бағалайды | Оқушылар педагогпен кері байланысқа түсіп отырды, рефлексия жасай алды. | |
| Құндылықтарды іске асыру | | |
| Құндылықтар оқу үдерісінде көрініс таба ма | Мінез-құлық мәдениеті әлеуметтік жауапкершілік басқаларға құрметпен қарау салауатты өмір салты және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары сыни және шығармашылық ойлау дағдылары алған білімдерін өмірде | |

| | | |
|---|---|--|
| | қолдану дағдылары. Қоршаған орта тазалығын сақтайды. | |
| Жалпы қорытындылар (әр бөлім бойынша түйіндеме): | Сабақты жоспарлау мен мақсат қою барысында пән бойынша оқу бағдарламасына сүйеніп, әрбір кезеңдерде оқытылатын оқу нәтижелеріне негізделініп, жүйелі іс-әрекеттер мен тұлғаға бағытталған, <i>атап айтқанда білім, дағдыларға қойылатын талаптар сақталынды. Берілетін тапсырмалар сабақ мақсатына сай құрастырылып, тексеріліп қадағаланып отырылды.</i> | |
| Ұсынымдар (әр бөлім бойынша): | Сабақта ынтымақтастық ортаны қалыптастыру үшін топтық және жұптық оқу түрін қолдануда осы аталған әдіс түрлерін сабақтағы тақырыпты меңгеруде өз орынымен және мән-мағынасымен қолдануды және түсінікті түрде қолдануға ерекше мән беруді ұсынамын. | |

Барлық нұсқаулықтарды қолдана отырып, өңірлер бойынша ұйымдастырылған жұмыстар нәтижелі болды. Жалпы қорытындылайтын болсақ, мұғалімдер сабақ мазмұнын құрғанда өз оқушыларының ерекшеліктерін ескере отырып, сабақты өмірмен байланыстырып құруға және ресурстарды тиімді пайдалануға көңіл бөлетіндігі байқалды. Сабақ көрсетілген функционалдық сауаттылығын дамытуға, тапсырма әзірлеуде және жұмыс нысандарын іріктеуде олардың құзыреттері мен дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды әзірлеуге бағытталатынын көруге болады. Мұғалімдер дайын нұсқаулықты сол күйі пайдаланбай, өздерінің тәжірибелеріне сүйеніп, сабақ жоспарын құрылымдауда өзгерістер енгізіп отырады деген тұжырым жасалды.

Қорытынды

2022-2023 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы орта білім беру ұйымдарының бастауыш сыныптарында «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» үлгілік оқу бағдарламаларын апробациялау басталды. Апробациядан өткен үлгілік оқу бағдарламасын қолдану білім беру процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Жиналған нәтижелерді есепке ала отырып, оқу бағдарламаларын жетілдіру үшін ақпаратты жинау, сақтау, талдау және пайдалану арқылы білім беру процесінде бағдарламаның мазмұндық сапасын арттырады.

Бастауыш білім берудің нормативтік құжаттарын апробациялау әдіснамасында апробация өткізу процесін оңтайландыру әдістері ұсынылды. Бастауыш білім берудің нормативтік құжаттарын апробациялау әдіснамасын әзірлеу барысында нақты мақсат қойылды, оған жету жолдары анықталды, апробация өткізудің механизмі мен құралдары ұсынылды. Бұл құжатта бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын апробациядан өткізуге қатысушылар, олардың функциялары, апробация өткізу технологиясы, негізгі кезеңдері көрсетілген.

Әзірленген апробация өткізу әдіснамасы пилоттық мектептердің басқару жүйесінде және білім беру ұйымдарынан тыс апробацияға қатысушылар үшін тәжірибелік маңызы бар.

«Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу» оқу пәндерін енгізу нәтижелеріне, олардың оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын, педагогтерге арналған нұсқаулықтың мазмұнын жетілдіру мақсатында мониторинг жүргізілді. Жұмыс мақсаты, жұмыс бағдарламасы нақтылады. 1-2-сыныптардың «Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу» оқу пәндерін оқытатын педагогтерімен кездесулер ұйымдастырылып, фокус-топ мүшелерімен әңгіме жүргізілді. Пән мұғалімдерінің сабағына қатысу арқылы «Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу» оқу пәндерін енгізудің табысты тәжірибелері мен проблемаларын анықтауға мүмкіндік туды. Мониторинг барысында педагогтердің сабақ құрылымын дұрыс жоспарлауы, сыныптың психологиялық ахуалын қалыптастыра алуы, өткен тақырыппен жаңа сабақтың байланысы, сабаққа арналған қажетті ресурстардың білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, дұрыс бағытталып, таңдалуы сараланды.

1-2-сыныптардың «Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу» оқу бағдарламаларына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша оқу бағдарламаларының ерекшеліктері, оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері, оқу пәндерін игерудің жоспарланған нәтижелері, оқу жетістіктерін бағалау, оқу жүктемесінің көлемі, оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар жүйелі толығымен нақты ұсынылды.


Бастауыш білім берудің нормативтік құжаттарын апробациялау әдіснамасын апробацияны ұйымдастырушылар мен оған қатысушылар қолдана алады.


Қосымша

Қысқа мерзімді жоспар үлгісі




| | | |
|--|--|---------------------|
| Блок: | Бейнелеу сауаттылығы негіздері | |
| Бөлім: | Дизайн және сәулет | |
| Педагогтің аты-жөні: | Кожаметова Анаркуль Смагуловна | |
| Күні: | 26.10.2023ж | |
| Сыныбы: | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | « Кітап бетбелгісі » – түрлі түсті қағазбен орындау. | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: | 2.1.6.1 Әртүрлі құрылымдық техникалар мен тәсілдерді қолдана отырып, іс-әрекетте материалдар мен құралдарды қолдану | |
| Сабақтың мақсаты: | «Қағаз пластикасы» ұғымымен танысу. Қағазбен жұмыс істеудің әртүрлі әдістерін үйрену. Жұмыста ию және бүктеу, қаттау, орау техникасын қолдану. | |


Сабақтың барысы:

| Сабақ кезеңі/ Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|--|--|---|--|
| Сабақтың басы. Қызығушылықты ояту 5 минут | Мұғалім оқушылармен сәлемдеседі, оқушыларды түгендейді. Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық ахуал қалыптастыру: Мейірімді жүрекпен, Ақ пейілді тілекпен, Амандасып алайық, Бір жадырап қалайық. Қағаз пластигімен танысып, Бұйымды бірге жасайық. (Ұ) «Ой қозғау» балалар суреттерге қарап заттардың қандай материалдан жасайтынын сұрақ қоя отырып анықтайды. Сыныптастарының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі. | Сәлемдеседі. Тыңдайды. Психологиялық ахуалға берілген өлең шумақтарын мұғаліммен бірге қайталап айтады. Сұрақтарға жауап береді: Суретте нелер бейнеленген? Олар қандай материалдан жасалады? Қағаз пластикасы дегеніміз не? | Оқушыларды қол шапалақтау арқылы бағалау  | Интербелсенді тақта. Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі түсті қатырғықағаз, желім, қайшы, сызғыш. |

| | | | | |
|--|--|---|--|--|
| | | | | |
| <p>Жаңа кіріспе</p>  <p>10 минут</p> | <p>(ҰЖ) Түрткі сұрақ! Білгенге маржан.</p> <p>Жалпы қағазды кітап шығаруға қолданумен қатар ұлы суретшілер оны сурет салуға пайдаланады. Кейін келе суретші-конструкторлар, дизайншылар түрлі қағаздан әдемі заттар мен бұйымдар жасауды ойлап тапты. Жапон елінде қағаз пластикасы пайда болды, ол «оригами» деп аталады.</p> <p>Қағаз пластикасымен жұмыс істеу үшін ең алдымен қағазды дұрыс бүктеу, қаттау және ию тәсілдерін меңгеру керек. Жұмыс істеуге өте қолайлы болып келетін түрлі түсті қағаздарды пайдаланған жөн.</p> <p>Қағаздан әртүрлі бұйымдар жасауды сендер 1-сыныптан бастап үйреніп келесіңдер. Қағаздан жеке-дара қарапайым заттарды жасап үйрендіңдер. Енді солардың күрделі түрлеріне көшеміз. Қағазды бүктеу, орау, июдін бірнеше қайталанып келетін түрлерін көреміз. Жұмыс істеу кезінде өте ұқыпты, мұқият болмасаңдар, шатасып қалуларың мүмкін. Сондықтан әрдайым бүктейтін орындар мен қағаз орамдарды белгілеп отырған дұрыс. Қағаздан жасалатын бұйымның көлемдік жағына байланысты қағаз ішке қарай немесе кері бүктелуі мүмкін. Ал кейде қағаз орамы бірнеше рет қайталанып келуі де ықтимал. Сондықтан бүктеу тәсілдерінен шатаспауы үшін, оны қарындашпен үзік сызықтар арқылы белгілеген дұрыс.</p> | <p>Оқушылар жаңа ақпаратты тыңдап, сұрақтары болса, сұрақ қояды.</p> <p>Қағаз пластикасы ұғымымен танысады.</p> | <p>Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.</p> <p>Дескрипторы:</p> | <p>Интербелсенді тақта. Презентация.</p> |

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | | <p>-Берілген ақпаратты түсінеді.</p> <p>-Қағаз пластикасы техникасымен бүктей алады.</p> <p>-Жұмыс барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды.</p> <p>-</p> <p>Мұғалімнің нұсқаулығын тыңдай отырып бүктеу арқылы бетбелгі жасайды.</p> | |
|--|--|--|--|--|

| | | | | |
|---|---|---|--|---------------|
| <p>Сабақтың ортасы. Мағынаны ашу. 20 минут</p>   <p>https://youtu.be/PXnWZtqfQzk?si=TntyhIZ78uJhMGq2</p> | <p>Сергіту сәті: (КЕ) Қауіпсіздік техникасы ережелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жұмыс орнынды таза ұста. - Желімді партаға жақпа. - Тек арнайы жұмыс дәптерінде орында. - Қайшыны дұрыс қолдану қажет. <p>Жұмыстан кейін қолынды сүлгімен сұрт.</p> <p>(ЖЖ) Практикалық жұмыс Жұмысқа қойылатын талаптар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Жұмыс барысында қауіпсіздік ережелерін естен шығармау. 2.Технологиялық нұсқау көмегімен жұмысты орындау. Жұмысты бастамас бұрын қажетті құралдарды дайындап аламыз. Интербелсенді тақтаға қарап, жұмыстың жасалу жолын түсіну үшін бейне нұсқаны көріп алуымыз қажет. Мұғалімнің нұсқаулығы бойынша тапсырманы орындап шығамыз. <p>Алдын ала дайындалған сызба – нобай бойынша жұмысты дайындап аламыз.</p> <p>Қағазды бүктеу арқылы, яғни оригами техникасы бойынша кітап бетбелгісін құрастырамыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Түрлі түсті қағаздарды төртбұрыш пішінінде қиып ал. 2.Қағаздың түсті жағын сыртына қаратып беттестіре бүкте. 3.Бүктелген буынның арасын ашып, суреттегідей қалыпқа келтір. Жоғары жағын үшбұрыштай бүкте. 4. Қағаздың төменгі бөлігін үшбұрыш бөлігіне жеткізе иіп бүкте. 5.Бүктелген буынның арасын ашып, суреттегідей төртбұрыш етіп келтір. | <p>Сергіту сәтін жасайды.</p> <p>Оқушылар бейнебаянды көріп, тапсырманы мұғалімнің нұсқаулығы бойынша жалғастырады. Тапсырманы аяқтайды.</p> <p>Алдын ала дайындалған сызба нобай бойынша жұмысты дайындап алады. Қағазды бүктеу арқылы, яғни оригами техникасы бойынша кітап бетбелгісін құрастырамыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 2.Қағаздың түсті жағын сыртына қаратып беттестіре бүкте. 3.Бүктелген буынның арасын ашып, суреттегідей қалыпқа келтір. Жоғары жағын үшбұрыштай бүкте. 4. Қағаздың төменгі бөлігін үшбұрыш бөлігіне жеткізе иіп бүкте. 5.Бүктелген буынның арасын ашып, суреттегідей төртбұрыш етіп келтір. 6.Қағаздың түсті жағының екі ұшын ішке қайырып қайта бүктеу керек. | <p>«Шапалақ»</p>  <p>әдісі арқылы бағалайды. Қауіпсіздік ережесі жазылған слайд</p> | <p>QR код</p> |
|---|---|---|--|---------------|

| | | | | |
|---|--|---|--|--|
| | <p>6.Қағаздың түсті жағының екі ұшын ішке қайырып қайта бүктеу керек. 7.Қағаздың кішкентай ұшын ішке қайырып, қайта бүктеу керек. Дайын болған бетбелгіні тақтаға ілу</p>  <p>2. Адасқан құралдар. Қалам ----- біріктіреді Қайшы ----- өшіреді Өшіргіш ----- өлшейді Желім ----- жазады Сызғыш ----- қияды</p> | <p>7.Қағаздың кішкентай ұшын ішке қайырып, қайта бүктеу керек. Дайын болған бетбелгіні тақтаға ілу.</p> | | |
| <p>Сабақтың соңы. Ой толғаныс. Рефлексия. 5 минут</p> | <p>Түрлі түсті кітаптар арқылы бағалау. <i>Бүгін сабақта сөз болған ең құнды мәселе не? Мен сыныпта қалай жұмыс істедім?</i></p> | <p>Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.</p> | | |
| | <p><i>Кімге көмек бердім? Кімді риза қылдым? Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым? Сабақ маған ұнады ма? Неліктен? . Мен сабақта өзімді қалай сезіндім?</i></p> | | | |

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----|
| Кіріспе | 3 |
| 1 Аprobация мен мониторинг жүргізудің мақсаты, рәсімдері мен құралдары | 4 |
| 2 Бастауыш білім берудің 1-4-сыныптары пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын енгізудің аprobация және мониторинг нәтижелерін талдау | 31 |
| 3 Аprobация және мониторинг қорытындылары бойынша әдістемелік ұсынымдар | 74 |
| Қорытынды | 122 |
| Қосымша | 123 |

**«БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ 1-4 СЫНЫПТАРЫ ПӘНДЕРІ
БОЙЫНША ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЕНГІЗУДІ
АПРОБАЦИЯДАН ӨТКІЗУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ
ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП»**

Басуға 20.11.2023. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа таба